



Экспорт көлемі артты

4



Ауылды гүлдендірген «Абай-Дәулет»

5



Ұстаз ұстаханасы – өмір өнегесі

6-7



Е-үкімет – ел игілігі

8



Сыр бойы



№149-150
(19827-19828)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

5 қазан /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

■ ПРЕЗИДЕНТ

Серіктестік серпіні



Сочиіде өтіп жатқан «Валдай» пікірталас клубына қатысуға келген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Қазақстан Президентінің құрметпен қарсы алған Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Валдай» пікірталас клубының жұмысына қатысуына Ресей тарапы үлкен мән беріп отырғанын айтты.

– Біздің шақыртуымызды қабыл алып, «Валдай» пікірталас клубының жұмысына қатысуға келгеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Бізді ұзақ жылдар дипломатиялық қызметте істеген Сіз секілді адамның пікірі қатты қызықтырады. Сіз бұл салада кәсіби мамансыз. Бүгінгі халықаралық аренадағы жағдайға, әсіресе, қауіпсіздік саласына байланысты Сіздің пікіріңіз біз үшін өте пайдалы әрі қызық, – деді Ресей Президенті.

Ресей Президентінің айтуынша, екі ел арасындағы диалог та өте жемісті жүріп жатыр.

– Біздің күн тәртібіндегі кез келген екіжақты мәселелерді талқылауға мүмкіндігіміз бар. Барлық сала бойынша табысты даму байқалады. Тауар айналымы да көңілге қонымды. Әртүрлі бағытта бірлескен жобаларымыз іске асуда, оның ішінде, дәстүрлі және жоғары технологиялар бойынша ынтымақтаса әрекет етуіміз. Біз үнемі заман ағымының тамырын деп басып, әр саладағы әріптестерімізге министрлік деңгейінде қолдау көрсетіп келеміз. Бұл жұмыс жалғаса берсін, – деді Владимир Путин.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге Сочиіге шақырғаны үшін алғыс айтты. Оның ойынша, «Валдай» пікірталас клубы өте қызықты әрі тартысты форум.

Қазақстан Президенті ресейлік әріптесіне Жіеністің 75 жылдық мерейтойына қатысуға шақырғаны үшін ризашылығын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев мерейтой күндері Мәскеуге баруға ниетті екенін жеткізді.

– Мен майдангердің ұлымын. Жақында Иванов облысында Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан 73 қазақстандық майдангердің қабірі табылды. Біз, қазақстандықтар, Ұлы Жеңіс жолында жанын қиған жауынгерлердің ерлігін әрдайым есте сақтаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев негізін қалаған Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестіктің жоғары деңгейі мен дәрежесінің сақталғанын атап өтті.

пленарлық сессиясына қатысты. Әлемнің ондаған елінен келген беделді саясаткерлер мен белгілі сарапшылардың, қоғам қайраткерлерінің басын қосқан биылғы форум ғаламдық геосаясаттағы Шығыстың рөлі тақырыбына арналды.

Мемлекет басшысы шараға қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан тарихи және географиялық орналасу жағынан Шығыспен де, Батыспен де байланыс орнатқанын атап өтті.

Президенттің айтуынша, «Азия ғасыры» дегеніміз, бұл – халықтың өсу қарқыны, жалпы ішкі өнім, сауда, өнеркәсіп және жоғары технологиялық өндіріс.

– 2018 жылы әлемнің ең табысты 500 ірі компаниясының 210-ы азиялық болған. Азия компаниялары цифрлық технологиялар саласында әлемдегі көшбасшылардың бірі саналады. Бұл құрылғыға елдер ғаламдық жалпы ішкі өнімнің 50 пайызын қамтамасыз етіп, халықаралық сауда мен инвестицияларды ынталандыруда, – деді Мемлекет басшысы.

Баяндама барысында ғаламдық және аймақтық дамудың оң тенденцияларымен қатар, сын-қатерлері де айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2020-2022 жылдары Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске төрағалық етуі барысында өзге де көпжақты институттармен байланысты күшейтуді жоспарлап отырғанын мәлім етті.

Сонымен қатар, Қазақстан ЕАЭО аясында конструктивті жұмысты жалғастыра бермек. Еліміздің бітімгершілік мәселесіндегі ұстанымын айта келе, Президент Қазақстанның аймақтық қақтығыстарды реттеуде әділ арағайындықты жақтайтынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Батыстың өзара іс-қимылының Шығыста тиімді қауіпсіздік архитектурасын қалыптастыру мүмкін емес деп санайды. Осы орайда, ол Қазақстанның АӨСШК мен ЕҚЫҰ ұйымдарының мүмкіндіктерін біріктіру туралы ұсынысын еске салды.

Пленарлық сессия барысында Ресей Президенті Владимир Путин, Иордания Королі II Абдалла, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Филиппин Президенті Родриго Дутерте сөз сөйледі.

Аймақ басшысының алғашқы 100 күні

Арға тартпай – арман тұл,
Намыс құмай – мақсат тұл.

Әбіш Кекілбаев

Қуанышбек Досмайыұлы Ысқақовтың Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалғанына бүгін, 5 қазанда 100 күн толды.

Өңірді 6 жылдан астам уақыт абыроймен басқарған Қырымбек Елеуұлы Кошербаев Ақордаға ауысқаннан кейін үш жарым жылдай облыс әкімінің орынбасары болған Қуанышбек Досмайыұлы Ысқақов 28 маусымда Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды.

Мемлекеттік қызметте жазылмаған бір заңдылық бар.

Жаңа басы тағайындалғаннан кейін 100 күннен соң жұмысына баға беріліп жатады. Әрине, алғашқы 3 айда барлық мәселені шешу мүмкін емес. Дегенде, осы уақыт ішінде қай істің де даму бағыты айқындалып, тың бастамалар қалыптасады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Кошербаев басқарған алты жарым жыл ішінде Сыр өңірі түбегейлі өзгерді.

Енді осындай танымал әрі тәжірибелі басқарушыдан соң халық жаңа басының қызметіне ерекше көзқараста болатыны сөзсіз.

Бір қызығы, өңірімізді кейінгі жылдарда басқарған үш әкім де Сыр елінің тумасы. Олай болса, халықтың әсіресе, қазіргідей әлеуметтік әлсіздік белсенділігі артқан тұста үш басына салыстырмалы баға беретіні де болжау қиын емес.

Алайда, Сыр елінің азаматы өзіне жүктелген ел алдындағы жауапкершілікті толық сезініп, кез келген сын-қатерге жағдайға қарсы тұруға дайын екенін атап өткен жөн.

Қуанышбек Ысқақов еңбек жолын қарапайым жұмысшы ретінде бастаған. Ауған соғысына қатысушы, көп баланың әкесі, мемлекеттік қызметкер, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жетік біледі. Сол себепті де өңірді басқару сенім тапсырылды.

Сонымен, облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың басылығымен 100 күнде не атқарылды?!

ӨНІРДІ ДАМУ – ӨРІСТІ КЕҢЕЙТУ

Өңірде бұрыннан қалыптасқан макроэкономикалық тұрақтылық қамтамасыз етілді.

Осы жылдың 8 айының қорытындысымен құрылыс жұмыстарының көлемі 97,4 млрд теңгені құрады немесе өсім 2,5 есе, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 409,4 мың шаршы метр немесе өсім 33,5 процент,

негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 233,4 млрд теңге немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 68 процентке артты.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,7 процентке артып, 36,8 млрд теңгеге жетті.

Қызылорда облысы әкімінің іс-қимыл жоспары қайтадан бекітілді, онда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы

Тоқаевтың ағымдағы жылдың 2 қыркүйегіндегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы міндеттер және ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты іс-шаралар көрініс тапты, 25 әлеуметтік нысанның 12-нің құрылысы ағымдағы жылы аяқталады, қалған 13-і 2020 жылға өтпелі.

2,3-беттер.

■ ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН!

Ұлттық байқауда бақ сынайды

«Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының облыстық кезеңі мәреге жетті. Бұл – елді тұтастай қамтып, үлкен-кішіні елең еткізген, басқа байқаулардан жөні бөлек, жүлдесі де қомақты ұлттық байқау. «Qazaq Eros» республикалық ағарту жобасы аясында ұйымдастырылған сайысқа аймақ бойынша 3 мыңға жуық оқушы қатысты. Ал, сәрсенбі күні республикалық кезеңде облыс атынан бақ сынайтын жеміпаз анықталды. Ол – қазалық оқушы Гүлзира Қонысбай.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Байқау Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында ұйымдастырылды. Бүгінде әуелгі мақсаттың орындалғанын аңғарту қиын емес. Жоба эпостық жырға, батырлар жырына деген құрметті арттырып, ел тарихымен қатар жер-су атауларын, көне сөздерді білуге жол ашты. Ең бастысы, әдеби кітапқа жатырқап қарайтын бүгінгі буынға әсер етіп, толқыныс тудырды.

Бұл сөзімізге республика бойынша байқауға қатысуға өтініш білдірген 50 мыңнан астам оқушы дәлел. Әдетте, мектеп оқушысы үшін 2-3 беттік өлеңді жаттаудың өзі әжептәуір жауапкершілік жүктейтіні белгілі. Бірақ бұл жолы олар сахнада әдеттегідей 1-2 беттік емес, 132 бет, 5206 жолдан тұратын «Қобыланды батыр» жырдың Марабай жырау жырлаған нұсқасын жатқа айтты.

Шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов



«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық кодымызды, ата-бабаларымыздан келе жатқан рухани дүниелерді қайта түлету, жандандыру мәселесін алға тартып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, ұлттық намыс,

ар-ожданға берік, рухымызды, қазақы құндылықты бойына сіңіріп өскен ұрпақ арқылы ел іргесі беки түсетінін атап айтты.

Облыстық кезеңде аудан мен қалада өткен іріктеулерде жүзден жуырық болып оза шыққан 27

оқушы қатысты. Ал, 27 өреннің өнерін белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің профессоры Алмас Алматов бастаған қазылар алқасы бағалады.

4-бет.



Аға басылым өкілдері Арал мен Қазалыда

Биыл Сыр шежіресін қатпанып, карт Қаратау мен айдынды Арал арасындағы аймақтық жылнамашысына айналған «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газеттеріне 90 жыл. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көзі, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек...» деген аталы сөзі бұрыннан есте. Осы ұстаным ақпарат айдынында құстың қос қанатындай болған қос газеттің айнымас темірқазығы болды. Аталған қос басылымның бас редакторлары мен тілшілері Арал және Қазалы аудандарында болып, оқырманмен кездесті.

Алдымен Аралдағы Абай атындағы аудандық кітапханада өткен кездесуге аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов қатысып, жақсылық пен жаңалықтың қатысы болған аймақ басылымдарын мерейтойымен құттықтады.

– Өңір дамуында газеттің рөлі елшеусіз екені баршаныңа мәлім. Себебі, басылым арқылы қоғам қалтасындағы талай дүние жарыққа шығып, жарияланады. Міне, осындай жауапты кездерде аймақ тарихын айшықтауда аябай еңбек етіп келе жатқан бірегей ақпарат құралдары – «Сыр бойы» мен «Қы-

зылординские вести» газеттері. Бұл басылымдар қоғамдық-рухани шаралардың жаршысы болып қана қоймай, ертеңгі тарихты тиянақтайтын бірден-бір киелі шыны болған аймақ басылымдарын мерейтойымен құттықтады.

– Өңір дамуында газеттің рөлі елшеусіз екені баршаныңа мәлім. Себебі, басылым арқылы қоғам қалтасындағы талай дүние жарыққа шығып, жарияланады. Міне, осындай жауапты кездерде аймақ тарихын айшықтауда аябай еңбек етіп келе жатқан бірегей ақпарат құралдары – «Сыр бойы» мен «Қы-

10-бет.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Валдай» халықаралық пікірталас клубының XVI

АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ 100 КҮНІ

Осы жылдың 6 маусымында ҚР Үкіметінің №375 қаулысымен бекітілген «Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспары» өңірде сапалы іске асырылуда.

2019 жылдың тамыз айында облыстық бюджеттен Жосалы, Ақай, Жалағаш, Шиелі, Тасбөгет кенттерінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге 50,6 млн теңге бөлінді, сондай-ақ, Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде аудандық емхана салуды бастауға – 50 млн теңге, Қызылорда қаласында донация жоспары жылына 7000, облыстық қан орталығы құрылысының ЖСҚ әзірлеуге – 10 млн теңге, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде «Арал Сода» ЖШС зауытына инфрақұрылым объектілерін (байланыс желілері, теміржол тұйығы) салуға – 6 млн теңге бөлініп, 2020 жылы қарастырылған іс-шараларды іске асыру мерзімінен бұрын басталды.

Биылғы жылдың тамыз айында облыстық бюджетке 5,6 млрд теңге нақтылау жүргізілді, оның ішінде 2,6 млрд теңге өз кірістерінің ұлғаюы және 2,9 млрд теңге қайта бөлу. Олар:

Кәсіпкерлікті дамытуға – 100 млн теңге;

Білім саласына – 79,4 млн теңге;

Денсаулық сақтауға – 76,8 млн теңге;

Әлеуметтік қамсыздандыруға – 161,4 млн теңге;

Дене шынықтыру және спортты дамытуға – 301,6 млн теңге;

Мәдениет саласына – 239,4 млн теңге;

Сандық технологияларға – 106,7 млн теңге;

Құрылыс саласына – 2,6 млрд теңге;

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарына – 453,2 млн теңге;

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына – 926,6 млн теңге.

Нәтижесінде, облыстық бюджет көлемі шамамен 300 млрд теңгені құрады.

КӨГІЛДІР ОТЫН КӨКЖИЕКТЕ ЕМЕС – КӨЗ АЛДЫМЫЗДА

Бүгінде облыстың 4 аудан орталығы – Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған тұрғындары көгілдір отын игілігін көруде. Қалған 3 аудан орталығы (Жосалы, Жалағаш, Теренөзек) тұрғындарын газбен жабдықтау мәселесі де, бұйырса, жуырда шешіліп калмақ.

Теренөзек кентінде автоматтандырылған газ тарату станциясын орнатуға республикалық және облыстық бюджеттерден 2019 жылы 1,1 млрд теңге бөлінді. Құрылыс жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ, Жосалы, Теренөзек, Жалағаш және Жаксыкылыш кенттерін газбен жабдықтау үшін республикалық және облыстық бюджеттерден 4,6 млрд теңге қаралып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде.

ЖОЛ МҰРАТЫ – ЖЕТУ

Сонымен бірге, облыс әкімі әлеуметтік желілерде көп көтеріліп жүрген қоғамдық көліктерге қатысты мән-жаймен өзі танысу мақсатында алдын ала ескертусіз халық көп жүретін №11 бағыттағы автобуста жолаушылардың талап-тілектерін тыңдады. Қазіргі таңда қоғамдық көліктер мәселесі бойынша жүйелі жұмыстар қолға алынып, жүргізілуде.

Облыс бюджетін нақтылау барысында қалаішілік жолаушыларды тасымалдауға қосымша көпсыйымдылықтағы 35 авт-1-бет.



тобус алуға қаржы бөлінді.

Данқты батыр Жалаңтос баһадүр атындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжіне 2 автокөліктің кілті табыс етілді.

БІРҚАТАР НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Қуанышбек Досмайыұлы облыс әкімі болып тағайындалғаннан кейін облыстың барлық аудандарында болып, 60-қа жуық елді мекенді аралап, бірқатар нысандарды ашты.

Осы кезеңде Арал ауданында невропатология, психология, дефектология және массаж терапиясы бойынша қызмет көрсететін «Қуаныш» жеке медициналық орталығы, Шығанақ елді мекенінде 100 орындық клуб, Қаратөре ауылдық округінде «Zhalgasbai» ЖШС балық қабылдау және мұздату цехы, Қармақшы ауданының Дауылкөл ауылдық округінде 80 орындық «Қызғалдақ» балабақшасы, Шиелі ауданының Жөлек елді мекенінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында дәрігерлік-амбулаториялық емхана, Жаңақорған ауданының Өзгент елді мекенінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында дәрігерлік-амбулатория ашылды.

Жалағаш ауданында қуаттылығы 30 МВт-тық «Nomad Solar» ЖШС салатын күн-электр станциясының құрылысы басталды. Электр станциясы пайдалануға берілгеннен кейін мұнда 18 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылдық округінде күніне 50 МВт күн-электр қуатын

өндіретін «Байқоңыр Солар» ЖШС электр станциясы құрылысының іргетасы қаланды.

Бұл жобаны «Қазына Капитал менеджмент» АҚ және «Юнайгед Грин Британдық холдингі» қаржыландырады, іске қосылғаннан кейін 23 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Күн-электр станцияларын қолданысқа енгізу аумағы көмірқышқыл газының шығарылуын (тек Сұлутөбе ауылдық округіндегі күн электр станциясын іске қосқанның өзі аумағы жылдық шығарылымды 75 мың тоннаға азайтпақ) азайтып, электр энергиясы тапшылығын 30 процентке төмендетпек (қазіргі таңда облыс электрэнергиясының 65-70 процентін сырттан алуға мәжбүр).

Қызылорда қаласында «Абай-Даулет» ЖШС-ның жаңа технологиямен қамтылған күріш ақтау зауыты ашылды. Зауыт 80-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын болады.

СОЛ ЖАҒАЛАУ – СӨТТІ БАСТАМА

Қызылорда қаласының Сырдария өзенінің сол жағалауын кешенді түрде игеру жалғасуда.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 320 орындық балабақша пайдалануға берілді.

Қыркүйек айында «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында 4 арендалық (220 пәтер) және 4 несиелік (240 пәтер) тұрғын үйлердің құрылысы аяқталды.

Бұған қоса, осы жылы жаңадан 12 арендалық (555 пәтер) және 13 несиелік (590 пәтер), жеке компаниялар есебінен 6 тұрғын үйдің (266 пәтер) құрылысы басталды. Осылайша, жыл соңына дейін

тағы 9 арендалық (400 пәтер), 13 несиелік (590 пәтер) және жеке құрылыс жүргізушілермен 4 тұрғын үйді (180 пәтер) халық игілігіне беру жоспарлануда.

Егер облыстағы құрылыс саласы бойынша айтар болсақ, биылғы жылы облыс бойынша 1738 пәтерлік 40 тұрғын үй, оның ішінде 728 пәтерлік 19 арендалық үй, 830 пәтерлік 17 несиелік үй және 180 пәтерлік 4 тұрғын үйді беру жоспарланып отыр.

Жыл аяғына дейін сол жағалауда «Болашақ университеті ғимаратының, «Шіркейлі» қаланың үстімен салынатын көпір құрылыстары, сондай-ақ, тұрғын үйлер орналасқан аймақты абаттандыру жұмыстары, газ, жылу, ауыз су және көріз жүйелерінің құрылысы аяқталмақ.

Алдағы жылдары сол жағалаудағы аумақта «Неке кино сарайы», «100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсектік көпсалалы аурухананың», «Отбасылық медициналық орталықтың», «300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математикалық мектептің», «Көпфункционалды 3500 орындық жабық футбол манежі», «Қызылорда облыстық қазақ музыкалық драма театры», «Сауда-жәрмеңкелік кешен» мен басқа да нысандардың құрылысы басталатын болады.

АГРОӨНЕРКӘСІП – ӨНІРДІҢ АЗЫҚ- ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Облыста негізгі дақыл – күрішті жинау жұмыстары тамыз айының 20-нан басталды. Бүгінгі күнге егілген 87,9 мың гектар күріштің 81,5 мың гектары (92,6%) орылып, 71,5 мың гектары (81,3%) бастырылды.

Жалпы, табиғаттың қолайлы болып, судың жеткілікті қамтамасыз етілуі гектарына 55 центнерден өнім жинауға мүмкіндік берді (2018 жылы өнім гектарына 48 центнер болған). 387,9 мың тонна күріш салысы жиналды.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарымен «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы барлығы 5,4 млрд теңгеге 167 дана ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды.

«Сыбаға» бағдарламасы аясында 4 шаруашылық шет елден 550 бас мал сатып алуға қамтамасыз етті. Оның ішінде Германиядан 170 бас асылтұқымды сүт бағытындағы МІҚ, 380 бас Ресейдің ет бағытындағы қалмақ тұқымды МІҚ малы әкелінді.

Жаңақорған ауданының Қырқенсе ауылдық округінде «Бекарыс Агрофуд» ЖШС инвестициялық құны 80,0 млн теңгені құрайтын 1000 бас тан жоғары МІҚ малын бордақылдайтын мал сою пунктін қамтылған бордақылау алаңы іске қосылып, 12 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бүгінгі күні мал бордақылау алаңында 160 бас бұқашық бағылуда.

Қармақшы ауданында «Тұрмағанбет» ЖШС базасынан қуаттылығы ауысымына 1 тонна сүт өңдейтін, жобалық құны 35,0 млн теңгені құрайтын шағын сүт цехі іске қосылып, 7 адам жұмыспен қамтылды.

Сонғы үш айда Иран Ислам Республикасына 789 бас қой және 56 бас МІҚ, Өзбекстанға 118 бас түйе және 250 бас МІҚ, БАӘ-ге 950 бас қой тірілі экспортталды.

Алғаш рет Қытай мемлекетіне 20 тонна жүн экспортталды.

ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР

Қуанышбек Ысқаков облыс әкімі ретіндегі жұмысын алдымен ардагерлермен кездесуден басталды.

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси-рухани дамуына өз үлестерін қосқан ақсақалдардың да жаңа келген

басшыға ел сөзін, өзекті проблемаларды жеткізуде алтын көпір екені рас.

ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қамбашта аймақ басшысының төрағалығымен «JASTAR - EL TIREGI» атты облыс әкімігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кезекті кеңестің жұмысы бейресми түрде өтті.

Жастар облыс әкіміне көкейдегі сауалдарын қойды десе де болады. Бәрінен бұрын отансүйгіштік, елжандылық, ұлттық, адамгершілік құндылықтар, бабалардың қанымен аманатқа қалған елді, жерді қорғай білу туралы көп әңгіме айтылды.

Кезлесе соңында Қуанышбек Досмайыұлы 10 жасқа, оның ішінде белсенді, аз қамтылған отбасыдан шыққан, мүмкіндігі шектеулі жастар мен жұмыссыздарға «Жастар Отанға!» республикалық жастар лагеріне жолдама табыстады.

ЖУРНАЛИСТИКА – ТӨРТІНШІ БІЛІК

Ежелден халық пен биліктің арасына тығыз байланыс орнатқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің де өз айтары бар екені белгілі. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу барысында журналистер тарапынан түрлі ұсыныс-пікірлер білдірілді.

«Әлімсақ» журналының бас редакторы Н.Нұрмаханов облыс әкімі жанындағы бұқаралық ақпарат құралдарын үйлестіру кеңесін құру туралы, «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі, жас журналист Б.Ордабаев жас журналистерді қолдау мақсатында облыс әкімінің бір жолғы стипендиясын ұйымдастыру жайлы өз ұсыныстарын айтты. Ұсыныс қолдау тапты.

КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

«Nur Otan» партиясы алаңында әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп



АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ 100 КҮНІ

жүрген белсенді азаматтармен кездесті. Кездесу емен-жарқын, ашық өрбіді.

Қоғам белсенділері өңірдің өзекті мәселелерін, халықты толғандырып жүрген дүниелерді көтерді. Аймақ басшысы айтылған мәселелерді қолдап, тиісті сала басшыларына зерттеп, шешу жолдарын қарастыруды тапсырды.

«Келісіп пішкен тон келте болмас» деген қанатты сөз бар. Елдің бірлігі мен қоғамдағы тұрақтылыққа келгенде сөз де, іс те, ұстаным да ортақ болуы тиіс.

Аймақ басшысы Twitter, Facebook әлеуметтік желілерінде жеке парақшаларын ашып, халықпен байланысты жолға қойды.

«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ЖОБАСЫ

«Nur Otan» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында облыс әкімі, партияның облыстық филиал төрағасы Қуанышбек Ысқаков өңірдегі мүмкіндігі шектеулі жандармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Әкім кездесуге келген азаматтарға өзінің ризашылығын білдіріп, осы жерде айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығы 2025 жылға дейінгі мүдделікті бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі жаңа Ұлттық жоспардың аясындағы жол картасында ескерілетіндігін атап өтті.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

Облыс әкімі Қ.Ысқаковтың төрағалығымен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Б.Палымбетовтың кәсіпкерлік субъектілерімен кездесуі өтті.

Күн тәртібінде бизнес саласының проблемалары талқыла- нып, кездесу қорытындысымен Жол картасына қол қойылды.

Өңірде жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру, салық базасын ұлғайту және қоғамдық-саяси ахуалды тұрақтандыру мақсатында «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» жобасы екінші жыл қатарынан жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, аймақ басшы-



сы Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлік кеңесінің мүшелерімен, жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, «Ауылдық елді мекендердің жас кәсіпкерлері» форумына қатысты.

БІЗ АРЫСПЕН БІРГЕМІЗ!

Маусым айында Арыс қаласында орын алған төтенше жағдай бәріміздің қабырғамызды қайыстырғаны анық.

Сырбайлықтар да қарап қалмады. Алғашқы күннен көмек қолын созды. Теміржол арқылы Қызылорда облысының аумағында кідіріс жасаған мыңдаған жолаушыны ас-сүмен қамтамасыз етті. Алғашқылардың бірі болып

арыстықтарға азық-түлік, киім-кешек, бөбектерге қажетті тамақтар мен заттар, дәрі-дәрмектер жөнелтті.

Үш мыңға жуық жергілікті мемлекеттік қызметшілер бір күндік жалақыларын аударды.

Екі ай уақыт ішінде бізге бөлінген №6 учаскеде 14 көшедегі 268 тұрғын үй қалпына келтірілді. Соның ішінде қалпына келтірілмейтін тұрғын үйлердің орнына 4 үй жаңадан сатып алынып берілді. Облыс волонтерлары бірнеше топқа бөлініп, көмек көрсетті.

Арыс қаласынан 150 бала Қызылорда облыстық білім басқармасының «Облыстық олимпиадалар мен қосымша білім беру орталығында» тегін демалды.

Осы жұмыстардың барлығы облыс әкімі Қ.Ысқаковтың тікелей бақылауында болып, өзі де бірнеше рет Арыс қаласына барып, тұрғындармен жүздесіп, мәселелерін тыңдап, оң шешілуіне ықпал етті.

Премьер-Министр А.Мамин Сыр құрылысшыларына және өңір тұрғындарына қиын жағдайда қолдау жасағаны үшін өз ризашылығын білдірді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРАЛАР

Республикалық есеп комитетінің «Тексеру комиссияларының қызметін жетілдірудің негізгі мәселелері» атты тұңғыш

көшпелі семинары Қызылорда қаласында өтті.

«Қорқыт және Ұлы Дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық фестивалі бесінші рет ұйымдастырылды. Фестивальға Түркия, Иран, Әзербайжан, Сербия, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұртстан, Саха республикаларынан және еліміздің әр өңірінен белгілі ғалымдар мен өнер иелері қатысты.

Фестиваль аясында «Қорқыт Ата мұраларының түркі әлеміндегі ролі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Конференция барысында Қорқыт ата мұраларын дәріптеу мәселелері, «Қорқыт Ата кітабының» жаңадан табылған

жазбасы талқыланып, тарих ғ.к., аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы С.Косановтың үш тілде жарық көрген «Қорқыттың даналық сөздері» кітабының тұсаукесері болды.

Сонымен бірге, Жастар жылы аясында ұрпақтар сабақтастығын жаңғырту мақсатында тұңғыш рет «Түркітілдес елдер жастарының халықаралық фестивалі» ұйымдастырылды.

Айта кетейік, 2018 жылы 28 қарашада Маврикий Республикасында өткен ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт ата рухани мұралары Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілген болатын.

Бес жылдан кейін біз Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі үкіметаралық комитет алдында өзіміздің Қорқыт ата мұраларын таныту бағытында атқарған жұмыстарымыз бойынша есеп беруіміз қажет. Сондықтан, қазіргі таңда арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар істелуде.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласында энергетика саласы бойынша халықаралық сыйыс болды. Сайысқа Румыния, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Тәжікстан мемлекеттерінің энергетиктері қатысты.

Сонымен бірге, Ресей, Өзбекстан мемлекеттерінің қатысуымен волейболдан жастар, ардагерлер арасында халықаралық жарыстар өтті.

ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН

Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстарын басқару бағдарламасы аясында Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамдық қоры (GIZ) және Қызылорда облысы әкімдігі арасында «Солтүстік Арал теңізінің балық қорын сақтау, қорғау және оны дамыту. Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің әлеуетін арттыру» жобасын жүзеге асыру туралы ұшпақты меморандумға қол қойылды.

Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы бас консулы Е.Бобровпен экономиканың түрлі салаларындағы ынтымақтасу мүмкіндіктерін және халықаралық деңгейде «Байқоңыр» ғарыш айлағын дамыту мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы А.Фатхуллаевпен кездесіп, кәсіпкерлік ынтымақтастық, инвестиция тарту және рухани-мәдени кеңістікті кеңейту мәселелері төңірегінде пікірлесті. Аймақ басшысы А.Фатхуллаевты осы және өзге де мәселелерді төртінші тоқсанда өтетін «Байқоңыр-Инвест» халықаралық инвестициялық форумында талқылауға шақырды.

Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы А.Фатхуллаевпен кездесіп, кәсіпкерлік ынтымақтастық, инвестиция тарту және рухани-мәдени кеңістікті кеңейту мәселелері төңірегінде пікірлесті.

Аймақ басшысы А.Фатхуллаевты осы және өзге де мәселелерді төртінші тоқсанда өтетін «Байқоңыр-Инвест» халықаралық инвестициялық форумында талқылауға шақырды.

БАЙҚОҢЫРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

ҚР Премьер-Министрі А.Мамин Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуымен, сонымен қатар, ғарыш саласындағы Қазақстан-Ресей тараптарының ортақ жобаларын жүзеге асыру барысымен танысты. «Союз МС-15» басқарылатын ғарыш кемесінің ұшырылуы сәтін тамашалады. Жұлдызды қалашықта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған тұрғын үйлерді аралап көріп, қаланы газдандыру жұмыстарын пысықтады.

Байқоңыр қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлі бес үйдің құрылысы аяқталды. Құрылыстың жалпы аумағы – 15,7 мың шаршы метр, мұнда 250 пәтер бар. Үйлер орталық су және кәріз жүйесіне қосылған. Жылу және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін табиғи газбен автономды бу қазандығы орнатылған. Қазіргі уақытта баспана кезегінде тұрған Байқоңырдағы Қазақстан азаматтарына пәтер берілуде.

Айта кетейік, «Қызылорда облысын газдандыру және жаңа активтер құру» инвестициялық жобасын іске асыру аясында Байқоңыр қаласын «Бейнеу-Шымкент» газ құбырына қосу және Байқоңыр қаласының жектiзiшi газ құбыры мен кварталiлiшiкi газ тарату желiлерiн салу бойынша жұмыстар жүргiзiлдi. Бүгiнде қазақстандық әлеуметтік нысандар мен бой көтерген 5 көпқабатты тұрғын үй газ желілеріне қосылған.

Сондай-ақ, «Байқоңыр» кешенінде арқн экономикалық аймақ құруға байланысты жұмыстар жүруде.

Аталған шара дамудың 3 негізгі кезеңін көздейді. Бұл – «Байқоңыр» халықаралық ғарыш айлағын құру. «Байқоңыр» кешенінде халықаралық туризмді дамыту және өнеркәсіптік өндірістер ашу.

Тиісті заңдылықтарға сәйкес «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру Тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы Келісім жобалары әзірленіп, бүгінде орталық мемлекеттік органдардың келісімінен өтуде. Мәселе, Үкімет бақылауында тұр.

Аталған шара ойдағыдай іске асырылған жағдайда 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, жұмыссыздық деңгейі қазіргі 4,6 проценттен 2025 жылға қарай 2,5 процентке дейін төмендейді. Ал, ең бастысы – туристік ағын жылына 250-500 мың туристке дейін артады.

Сонымен бірге, келесі жылы Байқоңыр қаласында тағы 50 пәтерлік 5 үйдің құрылысын жүргізу ұсынылып, келісім алынды.

Жалпы, облыс әкімінің 100 күндік жұмыс барысында атқарылған шаралар осындай сипатқа ие. Алда атқарылар еңбек аз емес.

Ежелден бірлікті ту етіп, талай белестерді бағындырған Сыр өңірінің халқы облыс басшысының тың бастамаларына үн қосып, жетістік еселене береді деп сенеміз.



#BIRGE#TAZAQAZAQSTAN

Мемлекет басшысы ұсынған «#BIRGE#TAZAQAZAQSTAN» жалпыұлттық акциясына қызылордалық оқушылар бір кісідей атсалысуда. Акция аясында дарынды балаларға арналған Е.Әуелбек атындағы №4 облыстық мектеп-интернат экологиялық сағат ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Оқушылар жалпыұлттық акцияға атсалысты

Экология, геология және табиғи ресурстар, Білім және ғылым министрліктері игі бастаманы Дүниежүзілік мекендеу орнын қорғау күніне орай қолға алды. Мақсат – өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениет қалыптастыру, жас буынды табиғи ресурстарды қуту және сақтау мәселелеріне тарту. Бүгінде аймақтардың экологиялық ахуалының жақсаруына мемлекет баса мән беріп отыр. Оның ішінде Арал өңірі Елбасы мен Президенттің ерекше қамқорлығында. Сөзіміздің дәлелі – Елбасының бастамасымен «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы.

– Өңірдің жер көлемі 24 миллион гектар болса, оның 6,5 миллион гектары орман қорына тиесілі. Ал оның 50 проценті орманды алқап болып есептеледі. Ендігі міндетіміз – ежелгі заманнан қасиетті және киелі саналған Сыр өңірінің табиғи ресурстарына ұқыпты қарау, қорғау, сақтау және жақсарту болуы керек. Ол үшін ұлт болашағының негізі – ұрпақ тәрбиесін жетілдіру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет, – деді Н.Байқадамов.

Шара аясында облыс әкімінің орынбасары соңғы үлгіде жабдықталған мектеп-интернатты аралап, оқушылардың ғылыми жетістіктерімен танысты. Айта кетейік, 2010 жылы жаңа қонысқа көшкен дарынды балалардың білім ұясы 300 орындық оқу ғимараты мен 240 орындық жатақханадан тұрады. Оған барлық аудан мен Қызылорда қаласынан 6-сынып бітірген оқушылар конкурсы арқылы қабылданды.

– Педагогикалық ұжымның әлеуеті жоғары. Түрлі деңгейдегі жарыстардан оқушыларымыздың ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері бар. 2016 жылы мектеп «Үздік білім беру ұйымы» атанып, 16 миллион теңгенің сертификатын иеленді. Ұжым білім саласына қолдау мен қамқорлықты айрықша сезініп келеді, – деді мектеп-интернат директоры Балзия Абдуллаева.

Жалпыұлттық акцияға үн қосқан оқушылар мен ұстаздар қауымы мектеп ауласына көшеттер екті. Осы күні облыстағы 293 мектепте оқитын 160 мыңнан астам бала өздері оқитын білім ошақтарының аулаларына ағаш отырғызды.



БРИФИНГ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы агроөнеркәсіп кешенін дамыту тапсырмасында фермерлерге өз өнімін сыртқа шығарып сату үшін барынша қолдау көрсету және ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау айтылған. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбарқов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын хабарлады.

Шынар БЕКБАН.

Экспорт көлемі артты



Соңғы жылдары облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өнімдерін алыс-жақын шетелдерге экспортқа шығаруда.

– Қазіргі күнге дейін облыс аумағынан басқа облыстарға барлығы 33093 бас мал шығарылды. Сонымен қатар, Өзбекстан мемлекетіне тірідей 250 бас бұқашық, Иран Республикасына 56 бас бордақыланған бұқашық, Иран Ислам Республикасына 789 бас, Біріккен Араб Әмірліктеріне 950 бас қозы тірілей экспортталды, – деді ол.

Саланы одан әрі дамытуда біршама жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттің тұрақты қолдауының арқасында соңғы бес жылда облыстың жалпыөндірілік өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 2,6 проценттен 3,7 процентке артты. Жыл сайын өңделген өнімдердің экспорты 2,5 есеге ұлғайту, өндірілген жалпы өнім көлемін 2 есеге, инвестиция көлемін 3 есеге арттыру міндеттелген. Басқарма басшысы бұл міндеттерге қол жеткізу үшін қабылданған «Агрокарта» аясында бірқатар жұмыстар жасалып жатқанын айтты.

Ал, облыстық ветеринария бақылау басқармасының басшысы Ерсултан Әпетовтің мәлімдеуінше, жануарлардың карантинге қойылуы, уақытылы ветеринариялық препараттармен егуі және диагностикалық тексерілуі басқарма тарапынан қадағаланып отыр.

– Ветеринария саласы бойынша

бас бекітілген жоспарға сәйкес, жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының алдын алу, адамдарға жұғу қаупін болдырмаумен қатар саланы дамыту, экспорт әлеуетін көтеру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда, 14 түрлі аса қауіпті жұқпалы және 6 түрлі энзоотиялық ауруларға қарсы ветеринариялық препараттар алынды. Жануарларды бірдейлендіру үшін 108,7 мың дана құлақ жапсырмалары толық жеткізіліп, тиісті жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде, – деді ол.

Паразитарлық аурулардың алдын алу үшін 43,4 млн теңге бөлініп, 21309 қанғыбас ит-мысық ауланып, жойылды. Жануарлардың өлекселерін залалсыздандыру мақсатында осы жылы 127,6 млн теңге бөлініп, 8 типтік жобадағы мал қорымы салынууда.

– Негізінен облыста 62 типтік жобадағы мал қорымы салынуы керек. Бұл жоспар кезең-кезеңімен орындалып келеді. Себебі, бір ғана мал қорымын салу 15 млн теңгеге жуық қаржыны талап етеді, – деді басқарма басшысы.

Айта кету керек, аймақтың агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытуда барлық тиісті шаралар қабылданып, жыл соңына дейін белгіленген көрсеткіштерге толық қол жеткізу күтілуде. Сонымен қатар, Жолдауда берілген тапсырмаларды орындау бағытындағы жұмыстар жалғаса беретін болады.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Өңір дамуының жаңа кезеңі



Елбасы тапсырмасымен биылғы жылдың маусым айында «Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары» қабылданды. Өңір экономикасы үшін маңызды құжат негізінде аймақта ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Келер жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке беру жоспарлануда. Шағын кәсіпті дамыту арқылы түскен салық көлемінің көрсеткіші қала, аудан әкімдерінің жұмысын бағалауға тікелей әсерін тигізбек.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов айтты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

– Экономиканың барлық салаларында өсім бар. Тек өнеркәсіп өндірісінде мұнай ұңғымаларының сулануы мен сарқылуы салдарынан төмендеу байқалады. Биылғы жылдың 8 айында 3,8 млн тонна мұнай өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,5 процентке кеміді. Бұл кемшіліктің орнын толтыруда экономиканы әртараптандыру бағытымен Индустрияландыру бағдарламасын жалғастырудамыз, – деді Б.Жаханов.

Индустрияландыру бағдарламасының I, II бесжылдығы аясында өңірімізде құны 150 млрд теңгені құрайтын 24 жоба іске асырылып, нәтижесінде 1,6 мың жұмыс орны ашылған. Бүгінде оның 18-і өнім өндіруде. Жыл соңына дейін бірнеше жобалар жүзеге асады деп жоспарланған.

Мемлекет басшысының жергілікті атқарушы органдарға қойған міндеттерінің бірі – инвестиция тарту болса, инвестицияны жетілдіру жөнінде іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. Аймақта 2006 жылдан бастап инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі арнайы кенес жұмыс атқарып келеді. Биылғы жылдың 8 айында өңірге 233 млн теңге көлемінде инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда 68 процентке артқан.

Экономиканың өзге салалары бойынша өсім байқалады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 8 айда 2,5 есеге, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 33,5 процентке, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,7 процентке артқан.

Брифингте өңір экономикасының дамуына серпін беретін «Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары» атап айтылды.

– Бұл құжат биылғы жылдың 7 ақпанында Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен әзірленіп, 6 маусымда Үкімет қаулысымен бекітілді. Кешенді жоспар бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылуы өңір үшін маңызды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Айта кетелік, кешенді жоспар 119 іс-шараны құрайды, құны – 219,7 млрд теңге болса, оның 156,7 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 50,6 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен, қалған 12,4 млрд теңге басқа қаржы көздерінен. Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде жалпыөндірілік өнімнің көлемін 2 трлн теңгеге жеткізу, жаңадан 10 мың жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Бұл құжат аясында 2020 жылдан бастап «ОнТүстік-Торғай», «Сырдария», «Шу-Сарысу» ойпаттарында жаңа кен орындарын іздеу жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ, «Қызылорда қаласының жылу-электр орталығын кеңейту және қайта жаңғырту» жобасы іске аспак. Мұнан бөлек Солтүстік Аралдағы «Қоқарал» бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру, «Қызылорда» су торабын кешенді жөндеу жобасы, «Күміскетек» мен «Қараөзек» су қоймаларының құрылысы қарастырылған.

Президент Жолдауында «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру айтылды. Биыл бұл жобаны іске асыру үшін өңірге республикалық бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға Жосалы, Жалағаш кенттерінде 21 жобаны іске асыру ұйғарылды.

– Келер жылы бұл жоба аясында 4 елді мекенде 1,6 млрд теңгеге 57 жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Дегенмен мұнымен ғана шектеліп қалуға болмайды. Келер жылдан бастап

елді мекендерді дамытуға көп қаржы тартуды жалғастырамыз, – деді Б.Жаханов.

Брифингте айтылғандай, 2018 жылдан бастап халық саны 2000-нан асатын 65 ауылдық округте төртінші деңгейлі дербес бюджет енгізілсе, 2020 жылдан бастап қалған 81 ауылдық округті қосу жоспарланған.

Тағы бір атап өтер жаңалық – 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын 3,4 млрд теңге көлемінде жергілікті бюджетке беру жоспарланып отыр. Бұл – өңірді дамытуға және халықтың мұқтажына көбірек қаржы бөлуге мүмкіндік. Сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту арқылы түскен салық көлемінің көрсеткіші қала, аудан әкімдері жұмысын бағалауға әсер етпек.

– Ана мен балаға қамқорлық, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы өмір сүруге жағдай жасау – бірінші кезекте шешімін табуға тиіс шаралар, – деп тағы бір түйді облыс әкімінің орынбасары.

Биылғы жылдың I сәуірінен 25658 отбасындағы 125160 адамға 10,4 млрд теңге атаулы әлеуметтік көмек берілді. 5886 отбасына 211,0 млн теңгеге тұрғын үй көмегі төленген. Жергілікті өкілетті органдардың шешімімен жекелеген санаттағы 8126 адамға 650,5 млн теңге әлеуметтік төлем жасалған. Жыл басынан 2906 отбасына 127 млн теңгеден астам қаржыға қайырымдылық көмек көрсетілсе, аз қамтылған отбасынан шыққан 623 студент облыс әкімінің грантымен өңірге қажетті мамандықтарды игеруде. Мүмкіндігі шектеулі жандарға әзірленген жеке оналту бағдарламаларының орындалуына облыстық бюджеттен 937,3 млн теңге қаржы бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артқан.

Ел Президенті Жолдауында көрсетілген өзекті мәселе – тұрғын үй. Бұл мақсатта облыста қарқынды жұмыс бар. «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы аясында 1997 пәтерді құрайтын 46 үй салынууда. Биыл облыста барлығы 720,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар республикалық бюджеттен көпбалалы аз қамтылған отбасылары үшін сапалы алу құжығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысына және дайын пәтерді сатып алуға қосымша 3,6 млрд теңге қаржы бөлінген. Нәтижесінде жыл соңында 431 көпбалалы отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілмек.

– Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыруда жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын толық әрі сапалы орындаймыз, – деді брифинг қорытындысында Б.Жаханов.

Ұлттық байқауда бақ сынайды

Шарада ұлттық өнердің бағасын биіктетіп жүрген жырғау 5206 жолдан тұратын мұндай жырды жаттау оңай еместігін айтып өтті.

– Біз қазақ жырын белгілі бір деңгейге дейін жырладық, енді оны әрі қарай жалғауды осы жастарға тапсырамыз. Бұл – ұлттың жады жаңғыртып, өткенімізді өнеге етудің жарқын бастамасы, – деді А.Алматов.

Байқаудың шартына сәйкес, алғашында оқушылар жұптасып өнер көрсетті. Бұл сында іріктелген 8 оқушы екінші айналымға жырдың ішіндегі көнерген, тарихи сөздерге қатысты және сыныбына сәйкес қазақ әдебиеті оқулығы бойынша

сауалдарға жауап берді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, оза шапқан оқушылардың жырды қарадүрсін жаттап алмай, әр сөзіне мән беріп, астарына үңілгені жиылыған жұртшылықты да, қазылар алқасын да риза етті. Мұнан кейін, қазылар тең түскен 8 баланы келесі айналымға шығарып, онда оқушылар жырдың белгілі бір тұсын жатқа айтудан жарысты.

Бес сағатқа созылған ауқымды байқаудың нәтижесінде Қазалы ауданындағы №249 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Гүлзира Қоңысбай жеңімпаз атанып, оған облыс әкімінің орынбасары 1 000 000 теңге табыстайды. Екінші орынды Қармақшы ауданындағы №272 орта мектептің 8-сынып оқушысы Да-

яна Тольбаева алып, 600 мың теңге, үшінші орын Қазалы ауданындағы №170 мектептің 7-сыныбында оқитын Гауһар Әзенге бұйырып, 300 мың теңге жүлде берілді.

Шәкірттерінің бағы мен бабы қатар шабуы үшін тынбаған оқытушылар еңбегі де ескерусіз қалмады. Ұстаздар күніне орай өткен кеште оқушыларды жыр сайысына дайындаған жетекшілеріне де ерекше құрмет көрсетілді. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков жеңімпаз оқушының мұғалімі Гүлфайруз Әлішевқа 2 000 000 теңге, жүлдегер шәкірттерді жарысқа әзірлеген Мереке Қайнарлова мен Жадыра Көшекбаеваға 1 200 000 және 600 000 теңгенің сертификаттарын салтанатты жағдайда табыс етті.

Ұлт мұрасын ұлықтаған байқауда жырмен бірге ел тарихын көкейге тоқып, көптің көңілінен шыққан Гүлзира Қоңысбай «Қобыланды батыр» жырын жаттауды сәуір айында бастағты. Өзге қатарластары думанды жаздың қызығына тоймай, доп тебуден, сөйіл-серуеннен қолдары тимей жүргенде кітапқа ден қойған Гүлзира ата-анасының да, мектебінің де мерейін биіктетті. Бірақ жүз бет жыр жаттап, тайжарысқа тайсалмай келген мықтылардың шаң қаптырып, мыңнан озып шыққан оқушы дайындықты үзген жоқ. Көңілді жайлап, төкпейілсуге әлі ерте. Себебі ол – ұлттық байқаудың аяққы сынында Қызылорда облысының намысын қорғайтын бірден-бір оқушы.



КӘСІП ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Қызылордаға жақын маңда орналасқан Сырдария ауданының «Бесарық» аулы бүгінде әлеуеті зор, ауыл шаруашылығы жан-жақты жанданған, бәрекесі мен мерекесі жарасқан «түгін тартсаң май шыққан» жерге айналып отыр. Туған жерінің туын жоғары ұстап, ауылға өркеніет әкелген, табысын тайқазанда тасытқан ағайынды Мұрат, Марат, Дәулет Сәрсенбаевтардың еңбегі екенін ел жақсы біледі. Ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар ғана туған жерді төсін түлете білсе керекті. Ағайынды Сәрсенбаевтар – міне, дәл осы талаптан табылған азаматтар.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

АУЫЛДЫ ГҮЛДЕНДІРГЕН «АБАЙ-ДӘУЛЕТ»



АЛҒАУСЫЗ ЖҮРЕКТЕН АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Ел дәулетін еселеген «Абай-Дәулеттің» басшысымен әңгімелескенімізде біз жас азаматтың үлкен ой қозғана сөздерін естіп, риза болдық. Сол ризалық пейіліміздің белгісіндей болған кездесуіміздегі менің бірсарынды сұрақтарымды түрлендіріп жіберген оның жауабын ғана қағазға түсірдім.

... Азаматты өсіретін – елдің тілегі, халықтың батасы.

Ауыл адамдарымен әркез араласып, жақын жүргенді жаным қалайды. Қайтыс болған кісілердің отбасына көңіл айту, қуаныштарына ортақтасу – қарапайым адамдық парыз. Мұндай нәрселерді айналып өтуге болмайды. Пайдасын алып, келесі күзге дейін ауылға төбесін көрсетпей кететін кәсіпкерлер де кездеседі. Инвестор көңілінен шықпаса жер егесінің келісім-шартты бұзуға құқы бар. Сондықтан жеке кәсіпкер кімнің арқасында табысқа жетіп жүргенін естен шығармау керек.

Елімізде тәжірибесін пайдаланып, жақсы істерін жадымызға тұтатын шаруашылықтар көп. Табысын тасытып, тасын өрге домалатып отырған Алматы облысындағы кәсіпкер-меценат Бауыржан Оспановтың аулынан үйренерлік іс жетеді. Қазақстанның Еңбек Ері Иван Саур басқаратын Ақмола облысындағы «Родина» агрофирмасы табыс келемін жыл санап арттырып, республикадағы бай шаруашылықтардың алдыңғы сапына шықты.

Бір таңғаларлығы, «Родина» аулы тұрғындарының есігінің алды 6-ақ сотық жер екен. Олар осы тұлақтай жерден түйеге теңдейтін бақша, жеміс өнімдерін алып отыр. Бұл – енді біздің жұртпен салыстырғанда нағыз үлгі тұтарлық іс. Бізде пайдаланам деген адамға жер жетеді. Бірақ артып дақыл, төгіп жеміс алып отырған кім бар?

Ойдан ой туды, алдағы уақытта серіктестік есебінен аулымыздың ақсақалдарын осындай табысты ауылдарға апаруды жоспарладық. Жақсыны көрсін, елге келіп, жерлерімізді тиімді еңбекке үндесін. «Қарты бардың қазынасы бар» деген, біздің мың ауыз айтқанымыздан ақсақалдардың бір ауыз сөзі берекелі.

Бұл – «Абай-Дәулет» ЖШС басшысы, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Мұрат Сәрсенбаевтың айтқаны.

БАҒЫТЫ АЙҚЫН, БАҒДАРЫ АНЫҚ

«Абай-Дәулет» ЖШС көпсалалы ауыл шаруашылығы компаниясы кластерлік экономика бағытын ұстанып келеді. Компанияның негізгі бағыты – Сыр жерінде бұрыннан қалыптасқан күріш өндірісі болғанымен, ол шаруашылықты әртараптандыратын серпінді серіктестік.

Егін, мал шаруашылығы, бал арасы, бақша шаруашылығы, т.б. қатар жолға қойылған.

Таза ауыз су скважинасы бұрғыланып халықтың пайдалануына берілді. Жобаның жалпы құны 300 млн теңгені құрады. Алдағы уақытта таби-

Осындай нәрселерді ескере отырып, «Абай-Дәулет» ЖШС алдағы уақытта күріш сабағынан гранула түріндегі отын жасауды жоспарлап отыр. Қызыл жағынан көмірден кем болмайтын күріш сабағынан жасалған гранула түріндегі отын жасауды қолға алар болса, біріншіден, ауылдарда жана жұмыс орындары ашылар еді. Екіншіден, қымбат бағамен келетін көмірдің орнын арзан өніммен алмастыруға болады. Үшіншіден, сексеуіл, жыңғыл және басқа да ағаштарды бей-берекет пайдалану азайып, қоршаған

бірінші қауызынан тазартылып, содан кейін ақтауға алынады. Ақталған күріштің өзі бірнеше електен өткізіліп, майдалары бөлек екшеледі. Одан әрі дайын болған өнім жуылып, кептіріліп барып қапталды.

Ал, күріш қауызы қайда кетеді? Ол өңделмеген күйінде жарамсыз болып табылады. Қара жерге тастаса шірімейді, қауыз күйінде оны мал жей алмайды. Сондықтан серіктестік басшылары күріш



мың бас қой өсірген совхоз еді. Бүкіл ауылды жұмыспен қамти отырып, малдық азықты шаруашылықтың өзі егетін. Еңбек емген азаматтарымыз барда «ол күн қайда» деп отыруымыз қисынсыз. Оның үстіне үкіметіміз ауыл шаруашылығын қолдап, көмек қолын созып отыр емес пе?

2016 жылы «Абай-Дәулет» Қазығұрттан 700 бас аналық, 700 бас тұсақ, 700 бас ұрғашы козы және 20 бас қосқар алдырды. Сол қойды өсірген серіктестік еңбеккерлері 5 мың 500 басқа жеткізді.

Сонымен бірге серіктестік 10 мың бас қой бордақылау алаңы мен жылына 250 тонна козы етін өндіретін кешен салды.

Түйенің сүті өте дәмді әрі дертке шипа, шұбат десе тілімізден сөз шұбатылатыны бар. «Бесарықта» бұл

жұмыс та жолға қойылған. Бүгінгі таңда шаруашылықта 59 бас аруана бар, оның 40-ы сауында тұр. Түйеге соншалық күтімнің қажеті не, майлық-сулығы бір дегендей төзімді жануар ғой деп қарауға болмайды. Олай ойласаңыз жануардың ізіне түсіп, жок іздеп кетесіз. Сондықтан жем-суына, жайылымына қатты мән берледі. Жұрт шұбатын 500-600 теңгеден үй мен қораның арасынан алып кетеді. Жұсаған жылқыны санамай-ақ қоялық, сабадағы биенің сүті мен мөстегі қымызды көрсенсіз, біраз жайға көз жеткізесіз.

НЕ ЕКСЕҢ, СОНЫ ОРАСЫҢ

Бесарық биыл 586 гектар жерге «Янтарь» күріш сұрпын егіп, орақ маусымын аяқтап келеді. «Ауа райы жақсы болып тұрса, орташа өнімді 80 центнерге де жеткіземіз» дейді Марат Сәрсенбаевтың өзі.

Ал, күрішші Нағашыбай Әбдібеков болса, биыл әр гектардан 86,3 центнерден өнім жинап, 20 гектар жерден 172,6 тонна ақ маржан алды. «Келер жылы Жақаевқа жетпесем де, жақындап қалам» деп Нақен көңіл тоқтығын жасыра алмайды. Несі бар, «құлдай қимылдап, билей ішетін» мұндай маңдай тердің адамдары ағат айтпайды. Мырзан Кішкенбаев, Бейбіт Белгібаев секілді дикандар да сондай еңбеккерлер. «Абай-дәулеттің» егіс алқабында еңбектен бақ тапқан жандар көп.

Өткен жылы егіске қажетті 1 «MacDon» жатқасы, 1 «Claas Lexion», 1 «John Veere» комбайны және 2 «КамАЗ» жүк көлігі тіркесімімен алынған болатын. Мұндай су жаңа техникалар жан-жақты, өз ісінің жанына сеніп тапсырылады. Сондай бесәнап механизмдердің бірі – Әлімжан Өтепов, ол көктемде трактормен тұқым сепсе, жазда пресс басып, күзде комбайнға ауысады.

Былтыр серіктестік қауынның «мырзашөл» атты сұрпынан 20 гектар егіп, 700 тоннадай өнім түсірген, биыл еңбекші жұртқа 50 гектар жер ашып беріп, қауын мен картоп егін аулына барынша жағдай түйдірды.

Жоңышқа шөбі бойынша да жоғары өнім алынды. 700 гектар жер 3 рет орылды.

КӨРКЕЙГЕН АУЫЛ, КӨРСЕТІЛГЕН КӨМЕК

«Абай-Дәулет» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін бағы орынға қойған. Ауыл аллесаын абаттандыру жұмыстарына 9 млн теңгедей қаржы жұмсалды.

Мәдениет үйіне көмек беру жұмыстарына 2 млн 590 мың теңге бөлінді.

Әкімшілік ғимараты әсемдеп, көше бойындағы көрнекіліктерді орналастыруға 6 млн теңгеге жуық ақша шықты.

Балабақша ғимараты жөнделіп, 2 млн теңгеден астам қаржыға балаларға ұлттық киім алынды. Сондай-ақ, олардың жазғы демалыс лагерінде тынығуына жағдай жасалды.

Бұларға қоса Сырдария, Қармақшы аудандарында көркейту-қоғалдандыру ісін қолға алып, тұрғындардың тұрмыс жағдайына баса көңіл бөлді.

Біз осы мақаланы баспаға дайындап жатқан сәтте Қызылорда қаласында «Абай-Дәулет» ЖШС-ның жаңа күріш ақтау зауыты ашылды. 80 адамды тұрақты жұмыспен қамтитын әлеуетті зауыт күріш жармасы нарығының ұлғаюына зор үлес қосатын болады.



ортаның сақталуына септігі тимек. Төртіншіден, топырақтың құнарлығы бұзылмай, ауа да ластанбайды.

Бұрын жарамсыз зат саналатын күріш сабағы осылайша пайдаға асатын болады. Бұл – қалдықсыз жұмыс істеу тәсілінің жолы.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ЖҰМЫС ҚАЛТАҒА ТАБЫС ТҮСІРЕДІ

«Абай-Дәулет» ЖШС Қызылорда қаласындағы 10 жыл бойы қараусыз қалған зауытты күрделі жөндеуден өткізіп, іске қосты. Алғашында 7-8 адам жұмыс жасайтын зауыт

қауызын кәдеге асырудың жолдарын іздеп, шет елдік тәжірибелерді зерттеді.

Австралия мен Жаңа Зеландияда күріш қалдықтары қосылған құрама жемнің жоғары бағаланатынын білді. Мұндай жем жеген мал ағза ауруларына ұшырамайды екен. Бұрын арпа, сұлы, бидай және басқа да дақылдар қосылған жем малға ауырлық қылып, көтере алмай, малдың өлім-жітіміне жол берілген кездер де ұшырасқан. Ал, күріш құрама жемін пайдаланғалы мал шығыны 70-80 процентке дейін азайыпты.

Жемге қосу үшін күріш қауызын қатты қысыммен майдалау ке-

мектебіне аптасына үш мәрте келіп, сабақ өткізеді.

Сондай-ақ, «Бесарық» ауылынан таэквондо дайындық секциясы жұмыс істейді. Ауыл балалары арасынан бірнеше дүркін Қазақстанның және халықаралық турнирлердің чемпиондары шықты. Ауылға білім деңгейі жоғары, жасөспірімдермен жұмыс жасай алатын, бірақ жұмысқа орналаса алмай жүрген жаттықтырушылар шақырылды.

Ауылда бір ғана дзюдо күресімен 60-тан аса жасөспірім айналысады. Балаларды осы ауылда туып-өскен Қанат пен Еркебұлан есімді көнігі мамандар жаттықтырады. Олар бұл жұмысы үшін тұрақты жалақы алады, спорт жарыстарына бару мәселесі де серіктестік тарапынан шешілген. Бұл спорт түрінен де Азия чемпионы шықты, 40-қа жуық жас спорт шеберлігіне үміткер атағын қорғады.

СУБҰРҚАҚ СӘНІ МЕН ӘЖЕЛЕР ӘНІ

Баяғыда жұрттың қаладан көретін фонтандары қазір ауыл ортасында тұр. Көкке шапшып, ауаның тозанын тазалайтын бұл затты «субұрқақ» деп жүрміз. Субұрқақ – ауыл сәні, көңіл көзінің қуанышы, қолдан жайқалтқан гүлдерді шомылдырып тұрғандай сұлу көрініске кезігесіз.

«Абай-Дәулет» ауылды көркейтудің барлық шарасын жасады. 7 гектар жер қоршалып, 5 гектарына тамшылатып суғару тәсілімен алма сұрпытары орналастырылды. Жерге түскен жеміс бейнетпен шығады емес пе, ауа райының салқындығынан көктемде сол алманың жарысынан көбі көктемей, тағы 2 мың түп отырғызылды.

Қызылордадағы «Ана бақыты» аллесаының көшірмесін ауылға әкеліп жасап қойды. Жаздың күні ауыл қариялары әңгімесіп, балалар асыр салып ойнау үшін осы көрікті жерге келеді.

Сонадайдан сұлуланып көрінетін мәдениет үйінің өзі қандай?! «Бесарықтық» әжелер ансамблінің ғажап әуенін тамашалайсыз ба, олардың ағылшын тілінде ән салғанын естігенде танданбай кетпейсіз, қош келдіңіз!

БАЛАҒА ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ – БАҚЫТ ҚОРЫНА САЛҒАН АҚША

Қызылорда қаласындағы «Зияткер» мектебінің ағылшын және физика, математика пән мұғалімдері ауыл



ғи жайылым қолға алынып, тері, жүн өңдейтін цех ашу жоспары бар екен.

Еуропа мен Ресей арасындағы санкцияға байланысты Ресей Еуропаға газ бермейтін болғанын білеміз. Газға мұқтаж елдердің бірі Польша мемлекеті осы тығырықтан шығар жол іздеп, қолда бар өнімнен отын жасап шығара бастаған. Мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп, көптеген зауыттар халыққа қолжетімді бағада тұрғын үйлер мен мекемелерге «гранула отын» жағатын пештерді өзіндік құнынан арзандатып жасап берген. Польша отын мәселесін осылай шешіпті.

жұмысшыларының саны бүгінде 80-ге жеткен.

Жұмыс бар жерде, жарамсыз қалдықтың шығатынын белгілі. Қазіргі уақытта күріш егетін мекемелер егіс алқабында қалған масақ пен күріш сабағын өртеп жібереді, басқа жолын қарастырмайды. Бірақ, оның үлкен зияны бар, ең бастысы, топырақ құрамындағы органикалық минералдар жоғалады.

Ал, біз айтып отырған бұл зауыттың жұмыс үдерісі қалдықсыз жұмыс істеуге негізделген. Күріш салысы зауытқа түскеннен бастап

Ұстаз ұстаханасы —



«Мұғалім – мектептің жүрегі». Ұстаз әр адамның өмірінде, балалық жүрегінде мәңгі есте қалады. Жаңа заман талабы мұғалімдерге зор міндет артты. Ұрпақ тәрбиелеуде жәй ғана пән мұғалімі болып қалу емес, оның болашақ тағдырына жол көрсетуші, бағыт беруші тұлғаға айналуы керектігін уақыттың өзі дәлелдеуде. Мереке қарсаңында облыстың бас ұстазы, білім басқармасының басшысы Майра Мелдебековамен әңгімелескен едік.



– Майра Тұрғанбайқызы, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, діліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағалымы кең тұлға ретінде қалыптастыру барысында ең негізгі сын да, салмақ та ұстаздарға артылатыны түсінікті. Осы ретте жаңа формация мұғаліміне қандай міндеттер жүктелді?

– Әлемде барлық құндылықтар қайта қаралып жатқан тұста, басты назар адами капиталға бағытталуда. Ал адами капиталды қалыптастыратын әрине, білім екені сөзсіз. Қазір өзіңіз де білесіз, заман алға жыл-

болуы тек қаржылай қолдауға ғана байланысты емес. Әрбір ұстаз үйрену-түген, үйренуден жалықпайтын, ізденіске дайын, тың тәжірибеге әзір болса, білімі мен өз білігін көрсете алса, мұғалім мәртебесі биік болады. Мұғалімнің негізгі міндетіне кірмейтін жұмыстардан босату жалпы нормадан көрсетіледі. Қазір бұл мәселе Парламент қарауында.

– Өңірімізде жылдан жылға демографиялық ахуал артып келеді. Бұл, әрине, қуанытын жағдай. Алайда, бұл қосымша жаңа білім беру нысандарын салуды қажет етеді. Мұның шешімін жеке мектептердің есебінен шешу

жастағы балаларды әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдысын дамытатын бағдарлама бекітілді. Бұл бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу мен білім беру процесіне 1 қыркүйектен бастап енгізілді. Ерекшелігі – баланың жасына сай 4К моделі қамтылады. Барлық аудандарды өзін аралап шықтым. Балабақша құрылтайшысы мен білім бөлімінің арасындағы келісім-шартқа біраз өзгерістер енгізілді. Онда қойылатын барлық талаптар қаралған. Мәселен, мекеменің бейнебақылаумен қамтылуы, мұғалімдердің біліктілігіне қатысты бірнеше талаптар бар. Бағдарламаның

орталығының базасында 140 мектепалды даярлық сыныбының педагогы, 156 балабақша тәрбиешісі жаңартылған бағдарламаның түйінді идеяларына сәйкес, балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу әдістерін, 4К моделін жүзеге асыру тәсілдерін үйренді. Бүгінде 78 тәрбиеші курстан өтіп жатыр. Сонымен, курстан өткен 374 педагог өздеріне жүктелген зор міндетті түсініп, 4К моделін, яғни кішкентай бұлдіршіндердің креативтілік, командала жұмыс істеу, коммуникативтілік және сыни ойлау білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, дамытуды жүзеге асырады деп сенемін.

Майра МЕЛДЕБЕКОВА:

«Құндылықтар тізімінде білім бірінші орында тұрады»



Суретті түсірген БЕСЖАНОВ.

жып, ақпараттық ғасыр кезеңіне аяқ бастық. Жылдан қарқынға ілесу, жаңа дүниелерді меңгеру талабы ұстаздарға жүктелді. Бұл ретте әрбір ұстаз алдына келген баланы тек оқытып ғана қоймай, баланың тұлғалық қасиетін ашу үшін жұмыс істеу керек. Жаңартылған білім беру аясындағы функционалды сапаттылықты арттыру талабының бірі де осы. Яғни ұстаз баланың өмірлік дағдысының қалыптасуына жұмыс жүргізу керек. Жаңа формация мұғалімі ең бірінші – көшке ілесе білетін, цифрлық технологияны меңгерген, жаңа методикасын әзірлеп, ізденісте болуы қажет. Біздің салада цифрландыру жүйесі, мұғалімдерге жеңіл болу үшін әр тақырып бойынша үш тілде ресурстар бар. Онда барлығы дайын. Жаңа аттестациялық формат та өзгеруде. Соған сай мұғалім пәні бойынша емтихан тапсырады. Оның өзі де үлкен жауапкершілік артады.

– Жаһандық бәсекелестік жағдайда білім берудің сапасын көтеру аса маңызды мәселе. Бұл педагог мәртебесін арттырумен айқындалады. Парламент қарауындағы заң жобасына өз тарапыңыздан қандай ұсыныс айтар едіңіз? Жалпы қоғамда мұғалім мәртебесін көтеруде қандай жұмыстар жасалуы тиіс?

– «Педагог мәртебесі» туралы заңның қоғам талқысына ұсынылғанын көпшілік біледі. Аймақ ұстаздары мұғалім мәртебесін арттыруға арналған заңға ұсыныстарын жеткізді. Әрине, Сыр елінің ұстаздары да өз пікірлерін білдіріп, белсенділік танытты. Бәрі де сарапқа салынып, министрлікке ұсынылды. Байыбына барып қарайтын болсақ, ұстаздың мәртебесін арттыруға жағдайлар жасалуда. Айлық жалақының артуы, қасиеті біліктілікті дамыту сынды негізгі жұмыстарға жіті көңіл бөлінді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың педагогтардың жалақысын көбейту тапсырмасы ұстаздар қауымын ерекше қуантып отыр.

Меніңше, ұстаз мәртебесінің биік

қаншалықты дұрыс? Ондағы оқу құнына білім сапасы сай ма?

– Бұл – Білім және ғылым министрлігі тарапынан енгізіліп жатқан саясат. Бұрын балабақша тапшылығы кезінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көптеген мәселелер шешілді. Сол сияқты мұнда да жеке кәсіпкерлер көмегі арқылы мектеп тапшылығын жоюмыз. Әр оқу жылында бала санының көбейгені сезіледі. Жаңа 2019-2020 оқу жылында мектепке қабылданатын оқушылардың артқаны байқалды. Қазір 293 мектепте 162684 оқушы білім алуа. Оқушылар контингенті 2018 жылмен салыстырғанда 9000 оқушыға көбейді. Оның ішінде, 1-сыныпқа келетін оқушылар саны 1500-ге артты.

Бүгінгі таңда орын тапшылығын шешу мақсатында өңірде 1450 оқушыға арналған 3 жеке мектеп өз жұмысын бастады. Бұл мектептердің барлығы білім беру стандартына сай оқушыларға сапалы білім береді. Жеке мектептердің жұмысы Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында жолға қойылған. Біздің аймақта жеке мектептердің саны жылдан жылға артауда. Олар талапқа сай лицензиясын алады. Сондықтан ол жерде сапалы білім беруге барлық мүмкіндік қаралған. Бұл жерде алдыңғы орынға білім бәсекелестігі шығады. Жеке мектептер өздеріндегі сапа көрсеткішін жақсарту үшін ең мықты деген ұстаздарды жұмысқа қабылдауға тырысады. Қазір ата-аналардың барлығының көзі ашық. Олардың алдында жақсы таңдау бар.

– Облыс балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен қамтамасыз етуде өзге өңірлерге үлгі болды. Биылғы жылдың жаңалығы – балаларды ерте жастаң дамыту бағдарламасының енгізілуі және балабақшаға бару кестесінің жаңартылуында. Бағдарламаның ерекшелігі жайында айта кетсеңіз...

– ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ерте

мақсаты – балаларды туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі кезеңде онтайлы әлеуметтендіру, яғни, балабақшада балалардың әлеуметтік және өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, аталған бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі – ерте жастағы балаларды күту, тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға қолдау көрсету болғандықтан, мектепке дейінгі ұйымдарға бұл бағытта барынша жан-жақты жұмыс жүргізу жүктеліп отыр. Өзіңізге белгілі, бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби шеберлігін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Педагогикалық шеберлік

– Жаңа технологиялар мен ғылымдардың бүгінгі қарқыны қазіргі жас жеткіншектің денсаулығына, ақыл-ойы мен мінез-құлқына, тәрбиесіне әсер етуде. Мектеп қабырғасындағы тәрбие саласында жаңаша көзқарас танытатын уақыт келмеді ме?

– Барлық мектептерде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұлттық құндылыққа бағытталған «Шанырақ» жобасы былтырғы оқу жылынан бастап енгізілді. Ол бірнеше бағыттардан тұрады. Ата-аналарды мектептің қосымша іс-шараларына тарту, әкелер кеңесін құру сияқты жұмыстар іске асырылуда. Оны жақсы жолға қойған мектептер аудандар мен қалада бар.

Байқоңырдағы

Өскеген ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалаған ұстаз қауымы егемен еліміздің әлемдегі экономикасы дамыған өркениетті елдердің қатарында болуына оқушылардың бүгінгі алған білімі тікелей әсер ететінін есте естен шығарған емес.

Расында, шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Мұғалім үнемі ізденісте жүріп жаңалықтарға бейім болуы керек десек, Байқоңырдағы №277 мектеп-лицей ұжымы осы талаптың үдесінен шығып келеді. Шәкірт алдындағы міндеттеріне ерекше назар аударған ұжым қызметкерлерінің бірлігі аудандағы орта білім беру мекемелеріне үлгі ретінде айтылып келеді.

Халық қалаулысы Жұмағұл Тілеукабылова басшылық ететін №277 мектеп-лицейде 1285 оқушы бар. Заманауи үлгідегі кең де жарық оқу бөлмелері қазіргі уақыт талабына сай. Физика, биология және химия, алғашқы әскери дайындық, география мен тарих, сонымен қатар информатика, робототехника, ұлдар мен қыздарға арналған технология және өзін-өзі тану сынды 61 сынып кабинеті түгел жабдықталған.

Кабинеттеріндегі компьютерлердің барлығы да интернетке қосылған. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжым «Үздік нәтиже-2015», «Үздік білім ордасы-2016», «Ынтымағы жарасқан ұжым-2018» номинацияларын иеленген.

Облыс орталығында өткен білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесінде өткен оқу жылының қорытындысы жарияланды. Мектеп-лицейдің ақпараттық коммуникациялық-техникалық базасын нығайтудағы, шәкірттерге сапалы білім берудегі тәжірибелі кадрлармен қамтамасыз ету және заман талабына сай үштілділікті енгізудегі, жаратылыстану пәндерін оқытудағы жетістіктері үздік деп танылып, 17 миллион теңгенің сертификат алыды. Осылайша жас ұрпақтың мектептен саналы да сапалы тәлім-тәрбие алып шығуына

Өмір өнегесі

Білім беру саласында білім мен тәрбие процесі қатар жүреді. Расында, қазіргі ғылым тілімен айтсақ, біздің қоғамда «Z» ұрпақтар сабақтастығы қалыптасып келе жатыр. «X, Y» дәуірі ұрпақтарының өз ерекшелігі болса, «Z» терминінің баламасы – «Цифрлы адам». Біздің балаларымыз цифрландырылған, ақпараттандырылған дәуірде өмір сүруде. Олар үшін барлығы жеткілікті. Дегенмен, біз тәлім-тәрбие беруде ата-бабалардан қалған ұлттық құндылықтарды жоғалтпауымыз керек. Аймақта оқушыларды тәлім-тәрбиеге баулитын маңызды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соңғысына тоқталсақ, «Тұлпар мініп, ту алған» жобасы. Оқушылардың «Қобыланды батыр»

жолымда қасиетті шаңырақ – №169 мектептің алар орны бөлек. Мен орыс мектебінде білім алдым. Қолыма алғаш қалам ұстатқан Линдия Александрқызының сол жылы бейнесі әлі есімде. Өзі мектептің жанында тұратын. Сұлбасы анадайдан көрінгеннен барлығымыз алдынан шығып, біріміз сөмкесін, біріміз қолындағы дәптерлерді алып көмектесуге асығатынбыз. Одан бөлек ұстаздық жолды тандауыма әкемнің қосқан үлесі, бағыт-бағдары орасан. Ол кісі аудандық статистика бөлімінде жұмыс жасады. Бұл әрине, математикамен тікелей байланысты сала болғандықтан, мені есепке баулыған ұстазым – әкем еді. Сондықтан менің осы салаға қызығушылығым бала



жырының Марабай нұсқасын жатқа айтып, жүздеген атануы бізді қуантады. Жалпы, баланың бос уақыты болмауы үшін қосымша білім беру орталықтары мен спорттық үйірмелердің жұмысын жандандыру керек.

кезден қалыптасты. Есеп шығарғанды жақсы көретінім. Педагог болуыма, өмірлік мақсаттарымды айқындауға үлесін қосқан ұстаздарым көп. Атап айтқанда, математика пәнінен Ханзада Жакипова, Бибіхатша Асанова, физика пәнінен Күралай Бәйтенова, Ольга Шин сынды



Жұмабек ТАБЫНБАЕВ

Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болған «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, зейнеткер ұстаз Қалия Дәулетова өзінің парасат-пайымы, сабырлы мінезі, білік-танымымен шәкірттерінің сый-құрметіне, көпшіліктің ризашылығына бөленген жайсаң жан.

Қала мен ауыл: Сапада алшақтық болмайды

Сырдария ауданы Шіркейлі ауылындағы белгілі ақын, жазушы, сыншы және аудармашы Ә.Жәмішев атындағы №129 мектеп-лицейінің 60 жылдық тарихы бар. Мектебіміздің заманауи үлгіде салынған жаңа ғимараты 2015 жылы пайдалануға берілді. Жетістіктерін атап айтар болсам, екі жыл қатарынан аудандағы «Үздік білім ордасы» номинациясымен марапатталды. Мұғалімдердің тынымсыз еңбегінің арқасында оқушыларымыз облыстық, республикалық ғылыми жоба, пән олимпиадалары мен спорт сайыстарының жеңімпаздары атануда.



Рашан АБДРАМАНОВА, №129 Ә.Жәмішев атындағы мектеп-лицейінің мұғалімі. Сырдария ауданы.

ҰБТ көрсеткіші бойынша түлектер төрт жыл қатарынан түгелдей жоғары оқу орындарының грантын иеленіп келеді. Осындай жұмыстардың арқасында ауыл мектебі мектеп-лицей статусына ие болды. Лицей статусы мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ендігі кезекте жаңа статуска лайық нәтиже көрсету керегін жақсы түсінеміз. Мектеп-лицей Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетімен тығыз байланыс-

та. Қазір университеттің 1 ғылым кандидаты мен 2 аға оқытушысы оқушыларымызға дәріс беруде. Мұның барлығы мемлекетіміздің білім саласына ерекше мән беруінің арқасы деп білеміз. Өздеріңізге белгілі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог: Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі» атты Жолдауында қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасының алшақтығын болдырмау туралы

тернетпен толықтай қамтамасыз етілген, цифрландыру аясында жұмыс жасап жатырмыз. Бұл өз кезегінде оқушыларға сапалы білім беруге зор ықпалын тигізуде. Ұстаздар оқушылардың білім мен білік дағдыларын дамытуға барынша күш салуда. Ағылшын тілі мұғалімі ретінде «өзге тілдің бәрін біл – өз тіліңді құрметте» дегенді үнемі басшылыққа ала отырып, ағылшын тілін жетік меңгеру керегін айтып отырамын.

Бала қалада да, ауылда да – бала. Сондықтан бар мүмкіндік жасалған кезеңде алдымен мұғалім білікті болу керек. Өйткені саналы ұрпақ – сапалы мұғалімді қажет етеді.

Рашан АБДРАМАНОВА, №129 Ә.Жәмішев атындағы мектеп-лицейінің мұғалімі. Сырдария ауданы.

Мерейлі мезет

Қарапайым да жауапкершілігі мол мамандық иелері – мұғалімдер туралы жиі айтылып та, жазылып та жүр. Десе де, саналы тұрмыр ұрпақ тәрбиесіне бағыштап, өзгеңің баласын өз перзентінен кем көрмейтін абзал қауымды қалай мадақтасақ та жарасымды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ

Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болған «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, зейнеткер ұстаз Қалия Дәулетова өзінің парасат-пайымы, сабырлы мінезі, білік-танымымен шәкірттерінің сый-құрметіне, көпшіліктің ризашылығына бөленген жайсаң жан.

Қалия Үкімашқызын танытандарға «бұл апай кім, қандай адам?» деген сауал қойсаңыз, «үлгілі жанұяның тірегі, ардақты ана, балдан тәтті немерелердің әжесі, өмірден ерте кеткен марқұм Марат есімді есіл ердің «перзентерімді жеткіз» деген аманатына қиянат жасамаған жар» деген жауап естуіңіз даусыз.

Теніз төскейінде «Құланды» деген елді мекен бар. Біздің кейіпкеріміз сол Құландыда дүниеге келген. Мәскеу олимпиадасы өткен тұста ЖенПИ есімімен баршаға аян, екіншісі біріне студент атану бақыты бұйыра бермейтін Алматы қыздар педагогикалық институты география және биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген Қалия туған жері – айдынды Аралға жол тартты. Еңбек жолын №83 орта мектепте ұзартылған

топтың тәрбиешілігінен бастаған жас маман араға он жыл салып теміржолшылар балабақшасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Қалияның өмір жолындағы тәжірибесі де шырдақ түсті. Өз мамандығы бойынша география пәні мұғалімі болып жұмыс істеген аралық оны ұлағатты ұстаз ретінде көпшілікке танытты.

Қалия Үкімашқызы білім беру жүйесінде әлемдік стандартқа бет бұрып, болашақта еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын білікті маман даярлайтын инновациялық оқу процесін жолға қойды. Оқушыларға стандартқа сай білім мен тәрбие беріп, оқыту барысында шәкірттерінің танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырды. Әрбір сабағын оқытудың озық технологияларын пайдаланып өткізуге баса мән беретін. Ұстаздың «География сабағында дамыта оқытудың тиімділігі» деген өзекті мәселені педагогикалық тәжірибесінде терең зерттеген кезіндегі әріптестері бізге мақтанып жеткізді. Тынымсыз ізденіс, бай тәжірибе өз жемісін бергенін атап кеткен жөн.

Қалияның қарапайым ұстаз ретіндегі жеткен жетістігіне аз-



кем тоқтала кетсек. «География сабағында дамыта оқытудың тиімділігі» тақырыбындағы оқу-әдістемелік құралы жарық көріп, облыс көлемінде таратылуға ұсынылды. Іле-шала педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында «Судан табиғатта таралуы, су айналымы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында «Педагогтардың біліктілігін қашықтықтан жетілдіру мәселелері: ізденіс пен тәжірибе» тақырыбында өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференциясында «Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері» атты баяндамасы жинаққа енгізілді. Сондай-ақ, ғылыми мақалалары БАҚ беттерінде жиі жарияланып

тұрды. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Қызылорда облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының қолдауымен «География пәнінен электрондық орта» тақырыбындағы электронды жинағы жарық көрді. Білім берудегі жаңашыл, шығармашыл, нәтижелі еңбегі үшін Қызылорда облыстық білім басқармасы, білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің «Алтын глобус» номинациясын жеңіп алды.

Елі сыйлағанның есікте отырмасы белгілі жайт. Қалияның №2 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернат директоры қызметін атқаруы халқының ықыласы, сала басшыларының сенімі болатын. Ал сенімге қылау түсіру – біздің кейіпкеріміздің табиғатына жат дағды. Осы жылдары оқушыларға білім стандартына сай оқу мен тәрбие беруде сіңірген еңбектеріне орай «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. «Мен тұратын үй-2011» интернаттық мекемелер жатақханалары байқауында жеңімпаз атанды. Қазір Қ.Дәулетова ұзақ жылғы ұстаздық еңбегінің зейнетін көріп отырған абзал ана. Сыпайы, мәдениетті, сырбаз, үлкен-кішімен тіл табыса білетін нағыз ұстаздың өмір жолы көпке үлгі.

Арал ауданы.

Миллионер мектеп



еселі еңбек етіп жүрген 120 ұстаздың мерейі өсті.

Білім ұясын соңғы 3 жылда бітірушілердің 10-ы «Алтын белгі», 9-ы «Үздік аттестат» иегері атанды. 9-сынып бітірушілер арасында 22 оқушы «Үздік куәлікке» ие болды. Шәкірттер пәндік олимпиадалар, спорт және өнер сайыстарында жүлделер атанып жүр. Түлектер Қытай, Ресей және басқа да шет елдер мен еліміздің түкпір-түкпірінде жоғары білім алууда.

Оқушылар ана тілімен бірге орыс, ағылшын тілдерін меңгерген. Жаңа мазмұнда білім берудің барлық талаптарына сай білім ошағының бүгінгі жетістігі – тынымсыз ізденістің жемісі. Дегенмен, бұл барлығына қол жеткіздік деп төкпейілсуге себеп емес. Марапат пен құрмет педагогикалық ұжымның ұмтылысына қанат бітірді. Алдағы уақытта шәкірт тәрбиелеудегі, білім сапасын арттырудағы ауқымды істер жалғасын таба бермек.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ, Байқоңыр қаласы.

Шәкірт зейініне шуақ құйған

Ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай Абылай хан атындағы №140 орта мектепте мазмұнды шара өтті. Оған «Дара жол» жобасы аясында Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Меруерт Аңсаева бастаған университет оқытушылары қатысты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Алдымен университет доценті Минсара Қараманова мен профессор Шарбан Майгелдиева ізденуден жалықпайтын, мамандығына деген сүйіспеншілігімен ерекшеленетін ұстаздарға шынайы лебізін білдірді. Сондай-ақ, жиында жаңашыл ұстаздар білім беру жүйесіндегі әдістемелерімен бөлісті. Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесін де шет қалдырмады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекқасиетін 2 есеге арттыруды тапсырғанын, бұл ұстаздарға деген айрықша қолдаудың белгісі екендігін алға тартты. Педагог мәртебесінің айқындалғанына да ризашылықтарын жеткізді.

Басқосуда «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының облыс бойынша педагогикалық біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары



Сәкен Серікбаев ел болашағын тәрбиелеуде тынымсыз еңбек етіп, тәрбие тағылымын дарытатын ұстаздар қауымы жетістік төрінен түспесін деген тілегін айтты. Шара соңында мектеп

түлектері Дамира Аманжолова мен Динара Икрам да болашақта тынбай тер төгіп, абыройлы іс атқарып жүрген ұстаздар қауымының ізін жалғайтындықтарын жеткізді.

Е-үкімет – ел игілігі

Қазақстан – 39-орында

Бірқатар дамыған мемлекетте электронды үкімет ашық мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырудың басты элементі саналады. Ол мемлекеттік қызмет көрсету кезінде кездесуі мүмкін әкімшілік кедергілерге тосқауыл қойып, ресми ақпаратқа қолжетімділікті арттырады.

Елімізде электронды үкімет құру идеясын Тұңғыш Президент – Елбасы Қазақстанды бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің қатарына қосу жөніндегі дәстүрлі Жолдауында көтерген болатын. Нәтижесінде 2004 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасында электронды үкімет қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, Е-үкіметті қалыптастыру және дамыту үшін төрт кезең таңдап алынды. Біріншісі – ақпаратты жариялау және тарату. Екіншісі – мемлекеттік орган мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың кері және тура жолымен интерактивті қызмет ұсыну. Үшіншісі – қаржылық және заңдық операция-

573,3 мың мемлекеттік қызмет

Электронды қызмет алушы қызыл-ордалықтардың қатары уақыт өткен сайын артып келеді. Бірінші жартыжылдықтағы мәліметке сүйенсек, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыстың филиалы құрамында 14 фронт-офис жұмыс істейді. Бұл тізімде цифрлық халыққа қызмет көрсету, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету және көші-кон қызметі орталықтары бар.

Фронт-офис қызметкерлері есепті кезеңде 573,3 мың мемлекеттік қызмет көрсеткен. Оның 382,3 мыңы – дәстүрлі, 190,9 мыңы электронды түрде. 2018 жылғы деңгеймен салыстырғанда көрсетілген қызмет саны 108 мыңға немесе 15%-ке азайған. Бұл халықтың табиғатын тозып, уақыт жоғалтпайтын тиімді тәсілді қолдануға үйрене бастағанын байқатады. Мемлекеттік қызмет түрлерін оңтайландыру аясында іске қосылған пилоттық жобалардың бірі – туу туралы куәлікті



беріліп, өзіне-өзі қызмет көрсету секторында 627,9 мың қызмет көрсетілді. Филиалдың мамандандырылған бөлімі мен секторлары арқылы 54167 өтініш қабылданды. Жоғары сұранысқа ие 213 мемлекеттік нөмір 47,48 млн теңгеге сатылды. «Электронды үкімет» порталында 1531 қызылордалық жүргізуші куәлігін онлайн түрде рәсімдеп, дәл осы форматта 1839 автокөлік тіркелді. Көші-кон қызметтер орталығында еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру және ұзарту, шетелдіктерге ЖСН беру секілді мемлекеттік қызмет түрлері көрсетілді. Осы арада 2019 жылдың 6 айында орталық өкілдері келушілерге 4434 қызмет түрін көрсеткенін айту орынды.

Жыл басынан бері филиал мамандары оқу орындары, меншік иесіне қарамастан еңбек ұжымдары, банктер мен медициналық ұйымдарда халықтың цифрлық дағдыларын арттыру мақсатында оқыту шараларын жүргізіп келеді.

Сандарды сөйлеткенде...

Енді корпорация филиалы арқылы халық тұтыған қызмет түрлерін салалар бойынша жіктесек.

Әлеуметтік сала
2019 жылдың бірінші жартысында мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік саласы бойынша барлығы 45846 қызмет көрсетілді. Оның ішінде республикалық бюджеттен – 30251, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы – 15595.

262088 қызмет алушыға 44,2 млрд теңге көлемінде зейнетақы мен жәрдемақы, міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан 18131 қызмет алушыға 2,9 млрд теңге төленді.

1 шілдеден бастап 5638 жәрдемақы алушының төлем мөлшері қайта қаралды. Оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арналған жәрдемақы – 5025, бірінші топтағы мүгедектігі бар бала

күтіміне арналған жәрдемақы – 613 адамға.

Мамыр айынан бастап 6640 көпбалалы отбасы үшін зейнетақы куәліктері берілді.

Жер кадастры
Жер кадастры бойынша бекітілген жоспар – 506 375,10 мың теңге, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 181 941,43 мың теңге. Орындалғаны – мемлекеттік тапсырыс бойынша 182 794,8 мың теңге немесе 100,4%-ке, келісімшарттық қызмет бойынша 385 691 мың теңге немесе 118,88%-ке артық орындалды.

Жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру
Есепті мерзімде 7516 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Қызметтер түрлері бойынша:
– құқықтық кадастрын ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттар, құрылыстар мен (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу қызметі бойынша 2096 қызмет көрсетілген. Оның 10-ы – «Электронды үкімет» порталы арқылы;

– техникалық төлқұжат дайындау қызметі бойынша – 4869 дана, оның 13-і – электронды түрде;

– мемлекеттік техникалық тексеру қорытындысы бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды беру қызметі бойынша – 302 қызмет көрсетілген;

– техникалық төлқұжаттың телнұсқасын беру – 249 дана;

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты арыз-шағым тіркелген жоқ. Техникалық тексеру мемлекеттік қызметі бойынша мерзімі бұзылған жағдайлар кездеспеді.

Жылжымайтын мүлікті тіркеу
Белгіленген уақытта 28081 тіркеу жұмысы жасалды. Құжығын дәлелдейтін құжаттардан 514 дубликат, тіркеу ісі құжаттарынан 206 көшірме берілді. Жалпы сомасы 69,46 млн теңгеге қызмет көрсетілді.

Өзара ынтымақтастық
Филиал тарапынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Ақмешіт» гуманитарлық институты, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен өзара ынтымақтас-

тық туралы меморандумдар қабылданды. Нәтижесінде жастар тәжірибесі бойынша – 19, студенттік тәжірибе бойынша – 15, қоғамдық жұмыспен 12 адам жұмыс істеп жатыр. Бұл бағыттағы шаралар әрі қарай жалғасын табады.

Екі-ақ минут: тиімді Телеграм-бот

«Азаматтарға арналған үкіметтің» қызметіндегі басты басымдық – мемлекеттік қызметтерді барынша электронды нұсқаға көшіріп, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға жағдай жасау. Қызметтерді онлайн алу үшін электронды цифрлы қолтаңба қажет. Мобильді үкімет базасына тіркелген жағдайда көптеген қызмет түрін қолтаңбасыз алуға болады. Сондай-ақ, бірқатар мемлекеттік қызмет түрі @egovkzbot Телеграм ботында қолжетімді.

Ол арқылы 25 мемлекеттік қызмет түрін электронды форматта алуға мүмкіндік бар. Атап айтқанда, соттылықтың, жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы, туберкулезге қарсы, базальді зейнетақы төлемін мөлшері, әлеуметтік мөрбегені тексеру, емханаға тіркелу, дәрігер қабылдауына жазылу, дәрігерді үйге шақыру, жұмыс табу, маман іздеу, наркологиялық және психоневрологиялық анықтама, тұлғаның әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны, туу туралы, жеке куәлік (төлқұжат), диплом көшірмелерін, өмірге сәби әкелгендерге төленетін жәрдемақы мен зейнеткерлік төлемдер туралы анықтамаларды онлайн нұсқада алуға болады. Бұған екі-ақ минут жеткілікті. Құжатты рәсімдеп, e-mail пошта көрсетсеңіз, құжат қолыңызда дей беріңіз.

Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа ауысуының арқасында ел тұрғындары үйде отырып-ақ, қажетті құжаттарына қол жеткізе алады. Бұдан уақыт үнемделіп, шығын қысқарады. Еске салайық, электронды үкімет @egovkzbot-ты 2018 жылдың мамырында іске қосқан болатын. Осы уақыт аралығында мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алу айтарлықтай жеңілдеп, тиімділігі арта түсті.

Жұмысты жетілдіру маңызды

Ақпараттық технологияны қарыштап дамыған заманда қоғамға қажетті ақпараттың қолжетімді болуы өте маңызды. Ел экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында түрлі бағдарламалар қабылданып, бірқатары іске асырылуда. Соның бірі – «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.

Ақпараттық технологияны мемлекеттік секторға енгізу шараларын он жылдан астам уақыт бұрын сәтті бастаған елімізде бағдарлама аясында электронды қызмет жүйесін жетілдіруге мүмкіндік мол. «Цифрлы Қазақстан» электронды түрдегі мемлекеттік қызметтер үлесін 2022 жылға қарай – 80, ал 2025 жылғы 90%-ке дейін арттырады. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтерді электронды форматта беру жұмысын жетілдірудің маңызы жоғары. Өйткені осылайша халықтың уақыты үнемделіп, қағазбастылық азаятыны сөзсіз. Ең бастысы, еліміз жаһандану, цифрландыру көшінен қалмай, алға ұмтыла бермек.

Нәзерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы».



ларды «Электронды үкімет» порталы арқылы іске асыру транзакциялық өзара іс-қимылы. Төртіншісі – ақпараттық қоғам қалыптастыру.

«Электронды үкімет» порталы – ел азаматтары мен қонақтарының Қазақстан, оның үкіметі, заңнамасы, назар аударарлық ұлттық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар, онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметін тұтынып, айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірінші ресурстар. БҰҰ жүргізген өткен жылғы зерттеу қорытындысына сәйкес еліміз электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша әлемде 39-орыннан көрінді. Жыл басындағы мәліметке қарағанда, eGov порталына 8,5 млн-нан астам тұтынушы тіркелген. Портал арқылы былтыр 30 млн мемлекеттік қызмет көрсетілді. Осыдан-ақ қолға алынған шаралардың нәтижесін аңғаруға болады.

Электронды үкіметтің www.egov.kz порталында азаматтар үшін мемлекеттік органдардың барлық ақпараты қолжетімді. Атап айтқанда, экономика, білім, мәдениет, еңбек, денсаулық, спорт, туризм және қоғамның өзге де салалары бойынша бірнеше мәтіндік бөлімде 2 мыңнан астам ақпараттық қызмет түрі көрсетіледі. Порталда ақпараттық ресурстар бөлек, оның пайдаланушыларына мемлекеттік органдардың әртүрлі электронды қызметі ұсынылады. Мәселен, кез келген қазақстандық цифрлық қолтаңба арқылы мемлекеттік органдардан анықтамалар алып, заңды тұлға болған жағдайда мемлекеттік сатып алуларға қатыса алады. Белгілі бір мемлекеттік органға тікелей шағымдануға («Виртуалды қабылдау»), коммуналдық қызметтерді төлеуге, мекенжай анықтамасын алуға мүмкіндік бар.



проактивті форматта рәсімдеу. Жоба іске қосылғалы 4862 тұтынушы mGov базасына тіркелді. Сәбилі болған 2376 анаға проактивті қызмет алу жөнінде sms-хабарлама жолданды. 2321 адамға дайын құжат табысталып, 820 бала балабақша кезегіне тіркелді. Сондай-ақ, 675 жәрдемақы тағайындалып, толық циклде 485 қызмет көрсетілді.

Осы жарты жылда 207,1 мың адам мобильді үкімет базасына тіркелді. Бұл былтырғыдан 46%-ке жоғары. 187,2 мың электронды цифрлы қолтаңба



Аты, тегі, әкесінің атының ауысқаны туралы анықтаманы қалай онлайн алуға болады?

- Егер сіз тегіңізді не есіміңізді өзгерткен болсаңыз, бұл туралы анықтаманы онлайн түрде egov.kz порталы арқылы алып көріңіз.
- Қызметті онлайн алу үшін:
- Порталда авторланып, «Қызметті онлайн алу» батырмасына өтіңіз;
- Өтінімді толтырып, ЭЦҚ-мен қол қойыңыз немесе смс-құпиясөзді пайдаланыңыз;
- Қажетті төлемді жүргізіңіз;
- Өңделген анықтаманы жеке кабинетіңізде «Қызметтерді алу тарихы» тарауынан таба аласыз;
- *Ескерту!* *Онлайн-қызметті 2008 жылғы 14 сәуірден бастап тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы жазба актісі жазылған азаматтар ғана ала алады. #qoqtoqu*

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ облыс бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Базар жырау толғаулары: жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері



Қазақ халқының қастерлейтіні, қадір тұтатыны сөз өнері десек, өздерінің шығармаларымен Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақ жұртының руханият дүниесінен ерекше орын алатын Сыр сүлейлерінің ба-сында Базар жырау Оңдасұлы тұр.

Құлаштап дүние сені қармансам да, Керімі келген шығар

ер Қорқыттың, – дейді Базар жырау. Бұл жолдардағы Қорқыт есімі жайдан-жай аталамаған. Бір қызығы, Сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің жыр-толғауларында Қорқыт есімін атап отырады, өздерінің туындыларын Қорқыт дәстүрінің жалғасы деп меңзейді. Демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларын Қорқыт дәстүрінен бастау алатын, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақын-жыраулар шығармаларымен тығыз байланыста дамып келіп, әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүниелер деп есептейміз. Базар жырау шығармалары да өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас болып келіп, оның ұлттық дәстүрін жалғастырған. Ұлан-байтақ территориямыздың кендігіне, баспа ісінің кешеуілдеп келуіне қарамастан, әдебиет дәстүрінің еліміздің әр жерінде қанатан кең жайып, тарап, мықтап орнығуы, тарихи әдебиет туындыларының қара тастай ұлттық дәстүрге берік болуы – бұл енді ғажайып құбылыс. Әдебиет туындыларының ұлттық дәстүрге тұрақтылығын қазақ көркемөнерінің дәстүрлілігінің ұзақ ғұмырлығын және мәуелеген жемістей жасапдығын дәлелдейді.

Өнердің мұраты – адамзатқа қызмет ету. Өнердің тақырыбы – адам тағдыры. Жанрлық тұрғыдан алған



ша жетілген, өмір құбылыстарының философиялық мәні мен маңызын, адам өмірінің саяси-әлеуметтік мәселелерін терең жырлайтын Базар жырау толғауларын өз заманының үздік туындылары деп нық айтуға болады. Мысал үшін жыраудың «Әр кемелге – бір зауал» толғауында адам, аңқұс, жануарлар бейнесі типтендіріле жеткендей ынғайда жырланады. Желге жеткізбес жүйрік аң – көр құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр – Базарша айтқанда бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ. «Әлі де сенде арман жоқ» делінетін толғауда да сондай:

Көзі ақықтай сүзілген, Маржандай тісі тізілген,

Өске, Будабай, Серәлі, Садыр, Орынбай, Шернияз, Шыман, Өтеген, т.б. батырлар мен билер, ақындар мен жыраулар. Бұл айтылғандар – Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ жұртышылығына танымал есімдер.

Базар жыраудың ақындық орбитасының кен де кемелдігіне таңғаласыз. Осыншама тарихи тұлғаларды қамтып жырлау, олардың өмірін өзгелерге үлгі ете отырып толғану Базарға дейінгі ешбір жырауда болған емес. Өз өлкесі мен елінің елеулілерінің есімдерін елеп, өмірлерін көркем шежіреге айналдыра отырып жырлау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы. Бүгінгі сырбойлылықтардың жоғарыда аталған есімдерге бейжай қарай алмайтыны, ата-бабаларының атын есітіп, жанын түлетіп, санасын жаңғыртатыны өнердің арқасы. Базар арқылы бізге жеткен мағыналы мағлұмат, құнды деректің әсері екенін айтуымыз керек. Толғаулардағы осыншама адамдардың есімдерінің аталуы, оларға бірде тікелей, кейде жанама түрде болса да мінзедеме, сипаттама жасалуы, сойты отырып әділ биліктің, жәселі ой мен пайымды парасаттың, сұлудық пен батырлықтың, отансүйгіштіктің, туған жерге, елге адалдықтың, т.б. адамгершілік қасиеттердің насихатталуы – Базар жырау тұсындағы толғау үлгісі поэзиямыздың өскен өрелі биігі, жеткен жетістігі. Адамдық бітім-болмысқа, адамгершілік қасиеттерге қатысты нысанаға алынған, мысалға келтірілген кісі аттары, толғау кейіпкерлері бір қарағанда екінші жоспар-

дур ете қалып, бірден кәсіби әдебиеттің даңғыл жолына түсіп, дамуға бет алған қазақ әдебиетінің құнарлы топырағы Базар жырау сияқты сирек таланттарымыздың шығармашылығы болғанын түйіндер едік. Ақырында Базар жырау толғаулары өлкеміздің тарихынан мол мағлұмат беретін ғылыми дерек көзі ретінде де аса бағалы. А.Токмағанбетовтің Сыр өңірінің көркем шежіресін жасаған «Жыр күмбезі», «Көтерілген күмбез» романдарының материалы Сыр сүлейлерінің шығармашылығы болғаны көп жайды аңғартса керек.

Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Базар жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткініш дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінзет-құлықтың болғаны көп жайды аңғартса керек. Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Базар жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткініш дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінзет-құлықтың болғаны көп жайды аңғартса керек. Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Базар жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткініш дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінзет-құлықтың болғаны көп жайды аңғартса керек.

Базар жырау «Қаражан болысқа» толғауында:

Баласы батыр Қабақ,

молда Қисық, Қолына қалам алып жазшы хатқа, Себеппен азын-аулақ

айтып толғау,

Жаздым сөз жақсыларға

сынапқаққа, –

дейді.

Ұзақ толғауды айтылған заматта хаттап үлгіруге қаншалықты мүмкіншіліктің болғанына бейхабармыз. Қалай болғанда да түйдек-түйдегімен беріліп отыратын орамды ой, кестелі сөз, ойлы образдарды талантты, шығармашылық қарым-қабілеті, импровизациялық қуат-күші жағынан жазба әдебиеті үлгілерімен таластыра алатындай туынды «Қаражан болысқа» сияқты дүниелердің жарыққа шығуында тоқсан толғану, күрделі шығармашылық акт, процесс жүріп өтетінін ескерсек, Базар бабамыздың тума таланттылығына тағы да ден қоя түсеміз.

«Қаражан болысқаның» тақырыбы – тойына арнайы шақырып, жырлатып, астына арық ат мінгізген болысқа Базар жыраудың ренжігені, ал идеясы – сараңдықты сынау, адамгершілік мәселесі. Міне, осы мәселені Базар жырау 220 жол көлемінде ұзақ толғаған. Толғаудың композициялық құрылымы, сюжеттік желісі негізгі ойды, идеяны ашу үшін шебер киноластырылған. Базар жырау бірден Қаражанның сараңдығын бетке баса жөнелмейді, оқырманын ойға шақырып, тыңдарманын тебіреніске түсіріп, адам болмысындағы мінзет-құлықтар сырын ұзақ толғап кетеді. «Біреу – мәрт, біреу – жомарт, біреу – нәмәрт» дегендей, сынайлы адамдар арасындағы алыс-берік қарым-қатынастардың қазақтың тұрмыстағы орнын, маңызын жырлай отырып, оларды жіктеп-жіліктеп тастап отырады. Тыңдарманын еріксіз баурайтын толғаудың әр жолы – ойлы, тұжырымды, әр сөзі – алтын, бейнелі, үлгілі.

Ойды ашып отыруда:

Арғымақ шаба алмайды

тер қатқан соң,

Арық ат қисандайды

ер батқан соң, –

дегендей поэтикалық контраст құрайтын жолдарды жиі қайталап отыру – Базар жырау стиліне тән ерекше әдіс. Базар жырау толғауларындағы ой мен сезімнің белгілі оқиға сілемімен, сюжеттік желімен беріліп отыратынына «Қаражан болысқадағы»:

Сыпалар тындап сөзді

мен айтқан соң,

Емірерін есіткендер

судай тынды,

Көңіліне жағып

Кенес ұнатқан соң,

Ұлықат еттің болыс

таң атқан соң – делінетін жолдар дәлел. Осындай баяндаулар арқылы негізгі идеяны бірнеше қырынан келіп қайталап отыру тақырып ашудағы кәсіби шеберліктің жарқын мысалы болатынын жоққа шығара алмаймыз. Болыстың сараңдығын айтпас бұрын Қаражанның руы Кетеден шыққан игі жақсыларды, атақты адамдарды: Бекмырза, Пірен, Тұңғышбай, Дәуімшар, Қиттар, Жұбанбай, Ны-

санбай, Бекет, Аман, Барақ батыр, Маздыр молда, Мыңжасар, Ешнұяз, Мырзабектерді жақсы жақтарынан атап өтеді. Домбыраның құлақ күйін келтіргендей осыларды термелеп атап алғаннан кейін:

Қаражан асып тудың

Жиенбайдан,

Мен сені кем көрмеуші ем

Атымтайдан,

Дүниенің қызығына түсемін деп,

Талайлар құр қалып жүр

абыройдан,

Өзі арық, өзі жауыр,

алжыған көк,

Қолына қапелімде түсті қайдан, – деп бір түйреп кетеді. Осындай мазмұндағы тиарадалар ұзақ толғаудың өн бойында бірнеше рет қайталанып отырады. Мақтамен бауыздағандай сараңдықтың сырын сызылта отырып түйрей беру сөз түсінетін адамға оңайға соқпасы анық. Базар жырау Қаражанды сөз өнерінің құдірет-күшімен осылайша тірілей өлтіргенге ұқсайды.

Толғау үлгілі поэзиямыздағы оқшау үрдіс – жырауларымыздың өз бейнелерін сөзбен сомдауды, жырмен жасауды. Жалпы өлең сөздің теориясында ақындық «мен», жыраулық «мен» делінетін ұғымдардың маңызы зор.

Суреткердің стильдік даралығы, көркем шығарманың жанрлық сипаты, ерекшелігі, т.б. қисын-қағидаларды жыраулық немесе ақындық «мендер» яки суреткердің өнердегі өз бейнелерін жасау арқылы түсіндіруге болатынын естен шығармаған ләзім. Басқаларды айтпағанда XV-XIX ғасырлар арасында қамтитын поэзиямызда осындай өнерлік ұғымға қатысты жыраулық бейнелердің небір әсем үлгілерін кездестіруге болар еді. Жыраулар үшін шабыт шақыруға, әруақтануға тиесілі көрінеді осы бір авторлық бейнелердің, ақындық шығандардың сөз өнеріміздің теориясында өзіндік орны бар.

Өлім менен Шөменнің, Мен едім даңқты шайыр, Екі енені тел емген, Күшпек санды күренмін, Төсімен тартса жетпейтін Жуандықтан айылы, Өзімдей-ақ ұл туар, Бір адамның зайыбы, Қабыл алмай алдыман, Қазақ халқы кеткен жоқ, Сөзімнің келсе қайымы.

Базар жыраудың шалқар шабыты, әруақты ақындығын, талантының тегеурінділігін дәлелдейтін бұндай өлең жолдарының үздік үлгілілігі өз алдына, жыраудың осындай жолдарды саналы түрде қайталап отыруы, тыңдаушыларының назарын өзіне үнемі аударып отыруға ұмтылуы ерекше ден қоюға тұрарлық жағдай.

Саф алтындай жарқыраған, қарапайым да қатпарлы, мазмұнды әрі мағыналы, нақты, затты, көркем, бейнелі, шырайлы ана тіліміз, сөз мәйегі мен асылы – Базар жыраудың әдеби мұрасының айрықша сипаты. Тіл шұбарланбаған, мөлдіреген сұлу сөз дала жырауларының соңғы өкілі Базар жыраудың шығармашылығында тұнып тұр.

Ашығын айтсақ, Базар жыраудан кейінгі Сыр сүлейлерінің шығармаларында тіл шұбарлау элементтері кездеседі, араб-парсы сөздерінің орынды-орынсыз қолданылулары ұшырамады.

2011 жылы Базар жыраудың туғанына 170, дүниеден озғанына 100 жыл толды. Базар жыраудың 150 жылдығы еліміз бойынша кезінде аталмай, Өзбекстанда тойланғаны ескері отырып, Қызылорда қаласының төрінде бағдарлық қастерлеп Жалантос баһадүрге монумент орнатқанымыз секілді, Базар жырауға да ескерткіш қойсақ, бұнымыз сөз өнерін қадір тұтатын ұлттық ерекшелігіміздің жарқын үлгісі болар еді. Базар жырау тұлғасы бұл құрметімізге барлық жағынан лайық.

Базар Оңдасұлы – Сыр сүлейлерінің көшін бастап кеткен даңғайыр жырау, санлақ суреткер. Жыраулық поэзияның дамуындағы қол жетпестей биіктіктен ғана белгіленер оның шығармалары қазақ халқының қандай ұрпағының болмасын жанына сәуле, рухына қуат құя беретініне ешқандай күмән жоқ.

Бағдат ҚАРИБОЗҰЛЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры,
«Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Базар жыраудың шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып Ә.Диваев, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаевтардың назарын аударған. С.Сейфуллин «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау» десе, М.Жұмабаев: «Аса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған» деп, Базар жыраудың ақындық қабілетін жоғары бағалаған. Базар жырауды атақты Тұрмағамбет шайыр Ізтілеу-өтін өзі ұстазым деп ұлықтап өтсе, М.Байтұрсынұлы: «Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Жорықбай, Кете Жүсіп, т.б. ақын, өнші-жыраулар – Базар жыраудың мектебінен үлгі алған түлектер» деп Базар жыраудың бағасын асыра түседі.

Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті классиктерінің бірі А.Токмағанбетовтің «Жыр күмбезі» романы Базар жыраудың өмірі мен өнерін қамтып жазылғаны және бар. Бұл романда дәстүрлі жыраудың өнердің қыр-сыры Базар жырау бейнесін сомдау арқылы ашылған.

Жыраудың шығармалары кенестік кезеңде «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алдаспан», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» жинақтары мен «Базар жырау шығармалары» (А., «Жазушы», 1986) кітабына еңсе, егемен ел болған тұста «Жеміңгі қазақ бір туған», «Наздеу» жинақтары күйінде және «Сырдария кітапханасының» құрамында бір том болып жарық көрді.

Базар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында да курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатыр.

Сыр сүлейлерінің шығармашылығы – қазақ әдебиеті делінетін үлкен өнердің құрамдас бөлігі, яки бүтіннің бөлшегі. Әдебиетіміздің басқа кезеңдерімен салыстырғанда толық хатталуға жақын қалды деп жүрген XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі кез келген мәселені, демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларынсыз зерттеп-зерделеу дұрыс бола бермейді. Сондай-ақ Сыр сүлейлері шығармаларының әдебиет тарихындағы өзіндік орнын, ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттанудың талап-талғамына сәйкес айтып та отыруымыз қажет.

Негізінен ескіше (арабша) сауатты болған Сыр сүлейлері өздерінің шығармашылықтарында шығыстық классикалық әдебиет дәстүріне шындап ден қойған болатын. Шығыстық өркеніетпен аралас-құралас дамуға Кенестік республикалардың әдебиеті мен өнеріне саналы түрде тосқауыл қойылды. Ұлттық көркем өнеріміздің өркеніетті елдердің әдебиетімен, өнерімен шығармашылық байланыста болып, сырттай түлеп, іштей түрленіп өсуіне қойылған бұндай тежеуді Сыр сүлейлері шығармашылықтары да бастан кешті. Діни сюжетті, шытырман оқиғаға толы, негізінен, гуманистік идеяларды насихаттайтын қисса-дастандардың талайының өмірі қысқарды. Көзі қарақты, көңілі ояу адамдардың қолында қалып, күні бүгінге дейін сақталып келген осындай қисса-дастандардың мазмұнында адам миын ұлайтындай, рухани дүниесіне теріс әсер ететіндей ешнәрсе жоқ. Керісінше, шығыстық өркеніет пен әдебиет дәстүрін менгерсе отырып жазылған бұндай шығармаларда мұсылман дінінің гуманистік идеялары, адамгершілік сапалар насихатталады. Бұл айтылғандардың Ешнұяз сал, Базар жырау, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Қанды Жүсіп, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеу-өтіндердің шығармашылықтарына тікелей қатысты екенін айтсақ, ақиқат ауылынан алыс кетпейміз.

Базар жырау – дәстүршіл ақын. Есін білгелі ел аузындағы жыр термелерді, толғау-дастандарды жаттап өсу – жыраудың балалық шағына тән базалық уақыты. Ал халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы, тарихи әдебиеттің тағалымы мұралары, өзі өмір сүрген өнер ортасы – бұлар оның өмірлік те, өнердегі де оқулықтары еді.



да қазақ поэзиясының дәстүрлі түрі толғаудың да туу, қалыптасу, даму арналарының болатыны секілді, бұндай процессті әрбір әдебиет өкілдерінің шығармашылығы да басынан өткереді. Әрбір әдебиет өкілінің ұлттық әдебиет дәстүріне қосқан үлесі оның суреткерлік қарым-қабілеті, таланты, өмірлік тәжірибесі мен білім-білігіне тікелей байланысты болады. Осы тұрғыдан келгенде, Базар жырау – ұлттық әдебиет дәстүрін жалғастырушы ғана емес, оны байытушы.

Базар жырау шығармашылығында, біздіңше, адам, адам тағдыры туралы айту ерекше орын алды. Адам туралы жаппай айтудан толғау үлгілі өлеңіміздің тарихында алғаш рет нақты айту, мораль, адамгершілік сапалар мен адамдық қасиеттерді көркем шығарма нысанына нақты адамды ала отырып жырлау жүзеге асты. Кез келген мәселені нақты, деректі жырлау арқылы Базар жырау шығармалары толғаудың жанрлық мүмкіншілігін жетілдіре түсті. Көркем шығарманың өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ділгір мәселелерін көтеругін, уақытпен үндесугін, реалистік сипатының артыну жолға қойды. Кез келген өнер туындысының бойынан адам бейнесі, оның жан-жақты жасалуы, сомдалуы неғұрлым айқын көрінсе, бұндай ерекшелік әдебиеттің соғұрлым нәтижелі даму жолына түскенін, есейіп келе жатқанын дәлелдей түседі. Демек, поэзиямыздың тарихындағы барын-

Келімі келген кермиық, Сағағынан үзілген, Белгілі ару қор болып, Кімдерден жылап қалған жоқ, – делініп ару жайында, одан әрі тұлпар ат, батыр туралы айтылып кетеді. Образды ойлаудың бейнелілігі, көркем тіл дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да Базарлық анық ақындық қолтаңбамен байта түскенін байқау қиын емес. Қазақ әдебиетінің дәстүріне өзіндік мөнерімен ендіріп жіберген осындай үздік үлгілі толғауларын Базардан одан әрі түрлендіре түседі.

«Ел жақсыларында» Сыр өңірінің мынадай айтулы тұлғалары жырланады: Өткелбай сыпа, Бекетай молда, Құлбарак батыр, Самырза, Көбек, Басықара билер, Бекмырза, Бәймен, Төртқара, Ұмбеттер. Әрқайсысының есіміне Сыр елінің әр жерінен жер-су атулары берілген бұндай тарихи тұлғаларымызды жырау басқаларға үлгі ете жырлайды. Осы бағыт «Сұм дүниеде» одан әрі жалғаса түседі. Сұм дүниеден бәрі өткен. Олар: Әбілқайыр, Нұралы, Есім, Тәуке, Жәнібек, Абылай мен Жәңгір хандар, олар: Баба түкті шашты Әзиз, Сейтпембет, Мағзам, Марал ишан, Софы Әзиз әулиелер, олар: Жабағы, Сыпа, Өтеген, Ақырза, Қуан, Көшермен батырлар, олар: Қазыбек, Төле, Әйтеке, Мөнке, Көбек, Өтетілеу, Сарытай, Тампыш, Мұрат, Кіпкібай билер, олар: Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Қасым, Сейіл, Бұқарбай, Малайсары, Жантайлақ, Сәмет, Тоғанас, Қарадос,

да, негізгі мәселенің фондына ғана жырланып өтетіндей болып көрінгенімен, шынтауайтында, бұндай ерекшелік толғау жанрының уақыт пен кеңістік алдындағы мүмкіншілігін молайта түсіп, өлең өміріне адам кейіпінің, бейнесінің дендей түсуіне жағдай жасап отыр. Базар жырау өзі көтеріп отырған мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінзет-құлықтың негізгі қызметі өмір мен адам танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды. Толғау өлең өміріне әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтумен ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы.

Демек, Базар жырау туындылары өз кезі үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де көркем шығарма ретіндегі қызметін мінсіз атқарған құнды дүниелер болды деп айта аламыз. Екінші-ден, толғау жанрының үздік үлгілері күйінде әдебиет тарихына үлкен үлес болып қосылған Базар жырау толғаулары өз заманындағы әдебиет өкілдерінің шығармашылықтарының дамуына игілікті әсер етті. Бұл бағытта жетекшілік рөл атқарды, қазақтың кәсіби жазба әдебиетінің қалыптасуы-дамуына толық алғышарт болды. Жауыннан кейінгі көктей

ГИБРАТ

Республикаға еңбегі сіңген ауыл шаруашылығының маманы, «Күрмет белгісі» және «Октябрь революциясы» ордендерінің, облыс әкімінің Күрмет Грамотасы мен бірнеше медальдардың иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы, отыз үш жыл кеңес шаруашылығын абыроймен басқарған Құлмырза Тілеуов бұл күнде 90 жасқа келіп отыр.

Еңбегімен елге сыйлы

Балалық шағы ашаршылық жылдарына, жастық шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарына тура келген. Бір жасында әкесі қайтыс болып жетім қалған Құлмырза ағаны еңбек ерте есейтті. Қоғамның дөнінен жасалған нанды, судағы қоғажайдың түбіндегі борығын жеп, қорек еткен күндері де болды. Өмірінің алғашқы баспалдағы мектеп есігін ашқан 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Аштықтың, жалаңаштықтың небір ауыр зардаптарынан өтті. Жалаң аяқ қаркешсе де, сабақтан қалуды білмеді, білімге деген құштарлық болды.

Кияндықпен күресе жүріп 1951 жылы Әйтеке би кентіндегі (Қазалы станциясы) № 67 қосал орта мектебін бітірді. Сол жылы арман қуып, Алматы зооветеринарлық институтына түсіп, 1956 жылы зоотехник мамандығы бойынша диплом алды. Институтты бітірген соң, жолдамамен Ақтөбе облысы Ұрғыз ауданы, «Жабасақ» МТС-да бас зоотехник болып еңбек жолын бастады. Ал 1957 жылы жанадан құрылған «Басқұдық» совхозына осы мамандықпен қызметке ауысады.

Көп ұзамай 1960 жылы сол ауданда жанадан құрылған «Нұра» совхозының алғашқы директоры болып тағайындалды. Айдалада суы жоқ, жер шалғай, аудан орталығынан 90

шақырым, облыстан 620 шақырым жерде совхоз құру оңай болған жоқ. Ауыл ақсақалдарымен ақылдаса келе, совхоз орталығын «Штаб» елді мекеніне көшіруге тура келді.

Құлмырза аға: «Осындай қиын-қыстау кезде менің шаруашылықты тез менгеріп кетугіме, сол жердің қарттары көп көмек көрсетті. Олардан ақыл-кеңес сұрап алуға мен де ерінбедім» дейді өткен өмірін еске алып.

1960-1967 жылдары совхоздың іргетасын қалап аяғына тұрғызған соң, Ақтөбе облысы, Ленин аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Алайда, отбасылық жағдайына байланысты, облыс басшыларының келісімімен, 1968 жылы өзінің туған жері – Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары қызметіне ауысады. 1970 жылы сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хасан Бектургановтың ұсынысымен Құлмырза ағаны Сырдария ауданы, «1 Май» совхозына директорылыққа ауыстырады.

«1 Май» (қазіргі М.Шокай ауылы) ол кезде облыс көлемінде ірі шаруашылықтың бірі еді. Совхозта 50 мың қой, 3000 ірі қара, 2000 жылқы, 500 түйе болатын. Бұл совхозды ең бірінші ұйымдастырған Орынбасар Бәйімбетов 5 жылдай басқа-

рып, совхозды үлгілі, табысты, шаруашылық ете білді. Өзі осы совхоздың өндірісін өркендетіп, мал басын, оның өнімін арттырғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Құлекең совхозды мал шығыны болып, жоспарды



орындай алмай, күйзеліске ұшыраған кезде қабылдады. Алайда, ауыл ақсақалдарымен, мамандармен ақылдасып, өзінің мол тәжірибесінің арқасында 1-2 жылда шаруашылықты аяғына тұрғызды. Аянбай еткен еңбегінің арқасында 1973 жылы «Октябрь революциясы» орденімен марапатталады.

Құлмырза аға аталған совхозды 1980 жылға дейін басқарып, мал басын көбейтіп, облыстағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтар қатарына қосты. Совхоз орталығынан мектеп, балабақша құрылыстарын салып, ауыз су мәселесін шешті. Малшыларға тиіптік жобалағы үйлер салып, жер кепеден шығарды, оларға газ жеткізіп тұрды.

Ол Қазақстан Орталық партия комитетінің «Қазақстанда қой басын 50 миллионға жеткіземіз» деп ұрандатып жатқан кезі болатын. Осыған байланысты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қой шаруашылығымен айналасатын бөлім ашылды. Оған басы етіп,



1980-1984 жылдар аралығында Құлекеңді жіберді.

1982 жылы Үкіметтің арта қалған шаруашылықтарды көтеру мақсатында тәжірибелі мамандарды іріктеп, сол шаруашылықтарға жіберу керек деген қаулысы шықты. Соның бірі Қазалы ауданы, Жанакұрылыс совхозы болатын. Міне, осы арта қалған шаруашылықты басқаруға 1984 жылы Құлмырза ағаны жіберді.

Бұл совхозды да 1993 жылға дейін абыроймен басқарып, зейнеткерлікке шықты. Қазір облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер. Ерен еңбегі ескеріліп, жоғарыда айтқан 2 орденмен, бірнеше медальмен марапатталды. 25 жыл аудандық кеңес депутаты, 2 рет облыстық кеңеске депутат болып сайланды.

Құлмырза ағаның зайыбы Нұрбике – Батыр ана, ұлағаты ұстаз еді. Дүниеден ертерек озды. Екеуі 10 бала тәрбиелеп, 37 немере, 8 шөбере сүйді. Құлекең тәрбиелік мәні бар «Достарым, менің достарым», «Өмірім – тағдырым», «Көргенім, білгенім, түйгенім» атты кітаптар жазды. Көп дос жинады, олар 18 жұп болатын, өмірлерінің соңғы күндеріне дейін шынайы достықтың үлгісін көрсетті.

Міне, мен білетін Құлмырза аға осындай жан. Біздің алғашқы таныстығымыз 1968 жылы Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде бірге қызмет істеген кездерде басталып, кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында жалғасты, әлі жалғасын келе жатыр.

Бүгінде абыз ақсақал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кеңесінің мүшесі, ақылшылы.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ДИДАР

Цифрлық телевизия дәуірі Оған көшу қалай жүріп жатыр?

Биылғы жылдың жазы – Алматы, Қостанай және Павлодар облыстарының халқы үшін есте қаларлық кезең болды. Бұл аймақтарда аналогтық телехабар тарату желісі толық өшірілді, төрт миллионнан астам адам енді цифрлық эфирлік телехабар тарату желісінен арналарды жоғары сапада тамашалай алады. Барлық аумақтарда 178 радиотелевизиялық станция тұрғызылып, жетілдірілді. Аналогтан цифрға көшу – заманауи Қазақстанның ауқымды, ерекше жобаларының бірі болып табылады. Үрдіс қалай жүріп жатыр, қандай қиыншылықтар бар, осы және басқа да сұрақтарға «Қазтелерадио» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – техникалық директор Шорабай Фархат Алпысбайұлы жауап береді.



– Фархат Алпысбайұлы, бүкіл ел аумағында цифрлық хабар тарату желісі іске істеу үшін барлығы қанша радиотелевизиялық станцияны тұрғызып, жетілдіру қажет?

– Біздің есебімізше, Қазақстан аумағы бойынша аналогтық телехабар тарату желісін толық өшіру үшін 827 радиотелевизиялық станцияны (РТС) тұрғызып, модернизациядан өткізу қажет, бүгінде олардың 447-сі іске қосылды. Яғни, қазір цифрлық эфирлік телехабар сигналы республика халқының 83 процентін қамтып отыр. Нақты кезеңде төрткүл әлемде аналогтық желіден цифрлық хабар тарату желісіне жаппай көшіп жатыр. Цифрлық телевизия көрерменге бейне мен дыбысты анағұрлым жоғары сапада, тіпті HD форматында жеткізуге, сонымен қатар, көп түрлі арналар арасынан таңдау жасауға мүмкіндік береді.

– Техникалық тұрғыдан алғанда цифрлық телевизияға көшу барысында бәрінен қай жұмыс қиын болды?



– Ең алдымен аналогтық телевизияның цифрлық желіден негізгі айырмашылықтарын ажыратып алайық. Аналогтық сигналды ескі болсын, жана үлгідегі болсын, барлық теледидарлар қабылдайды. Ал «цифрды» барлық теледидар қабылдай алмайды, ол үшін: арнайы декодер (DVB-T2 қабылдағышы) керек, ол кез келген теледидарда сигналды қайта түрлендіріп, дайын кескінді көрсетеді. Ескі тәсілмен берілетін сигнал сыртқы факторлардың ықпалына тәуелді болды. Цифрлық телехабар тарату желісінде сигналдың сапасы мен қорғанысы жоғары деңгейде, ол аналогтық желіге қарағанда анағұрлым ұзақ қашықтықтан қабылданады. Яғни аналогтық хабар тарату бір таратқыш – бір арна принципі бойынша жұмыс

істейді. Цифрлық телевизия пайда болғалы бері біздің елде DVB-T2 стандарты қолданылады, ол бір таратқышта SD сапасында 15 шақты телеарналар таратылуын қамтамасыз етеді.

Облыс орталықтарында екі мультиплекс қондырғысы орнатылған, аудандық, ауылдық жерлерде бір мультиплекс. Техниктер, IT саласындағы мамандар мен маркетингтік жүргізген алдын ала жұмыстардың арқасында айтарлықтай ауырталықтар болған жоқ. Дегенмен, «Қазтелерадио» АҚ тапсырысы бойынша жұмыс атқаруы тиіс болған мердігерге қатысты қиындықтар туындады. Ол компания алдағы жұмыстың кең ауқымды екеніне әрі өз мүмкіндіктеріне дұрыс баға бермеген. Сондықтан, мердігерді жіті таңдау біз үшін негізгі мәселелердің бірі болды.

– Еліміздегі алты облыстық жаңа форматқа толық көшірген екенсіздер, демек, жұмыс нәтижелі болды ғой? Осы өңірлер туралы айтып өтсеңіз, тұрғындар цифрлық пен аналогтық хабар тарату желілерінің айырмашылығын түсінді ме екен?

– Иә, біз жоспар мен кестеге сай жұмыс істеп келеміз, әрі маусымның соңы – шілденің басында Алматы, Павлодар және Қостанай облыстары да цифрлық форматқа толықтай көшті. Бұл өңірлердің халқы тарихи сәтті бастан өткізді деп айтар едім. Алматы облысында 90 радиотелевизиялық станция тұрғызылып, модернизациядан өткізілді. Онда 92 цифрлық таратқыш орнатылған. 3 миллионнан астам адам тұрып жатқан 736 елді мекен қамту аумағына енді. Яғни, өңірдегі халықтың 99 проценттен астамы цифрлық эфирлік телехабар сигналымен қамтылды. Енді Талдықорғанда цифрлық эфирлік телехабар тарату желісінде 30 шақты, ал облыс орталығынан төмен елді мекендерде 15-ке жуық телеарна көрсетіледі. Павлодар облысында да ЦЭТВ жобасын енгізуді жүзеге асыру аяқталды. Қазіргі уақытта аумақтағы 385 елді мекеннің 356-сы цифрлық эфирлік телехабар тарату аумағына енді. Ал бұл 750 мың Қазақстан азаматы, яғни облыс халқының

95 проценті деген сөз. Ол үшін өңірде 29 радиотелевизиялық станция тұрғызылып, жетілдірілді, оларға 28 цифрлық таратқыш орнатылған. Сонымен қатар, ЦЭТВ аумағына еңбейтін 29 елді мекен тұрғындарын сапалы телевизиямен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл ауылдарда 1600-ден астам үй Ұлттық жерсеріктік «ОТАУ TV» телехабар тарату желісіне қосылған. Ал Қостанай облысында 59 РТС тұрғызылып, модернизациядан өткізілді. Оның 32-сі жанадан тұрғызылған, осылайша облыс халқының 95 проценттен астамы цифрлық эфирлік телехабар тарату желісіне қолжетімді деген сөз. Өңірде 49 ауыл ЦЭТВ қамту аумағына еңбей қалды. Дегенмен, «Қазтелерадио» осы елді мекендердегі 2000-ға жуық ауыл шаруашылығының 1500-ін жерсеріктік «ОТАУ TV» желісіне қосты.

– Енді цифрлық форматқа көшуге қай өңірлер кезекте тұр? Қазақстан 100 процент сигналмен қамтамасыз деп жоспарлап отырсыздар?

– Жалпы цифрлық эфирлік телевизияны ендіру бойынша жоба 2021 жылы аяқталады деп жоспарлануы атырау және Қызылорда облыстары жана форматқа толықтай көшсе, 2019 жылы Алматы, Қостанай және Павлодар облыстарында аналогтық желі өшірілді. Қазір инфрақұрылымның дайындығына байланысты еліміздің қалған өңірлерінде аналогтық желі кезең-кезеңмен өшіру жұмыстары қолға алынған. 2020 жылы ЦЭТВ-ға толық көшу Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Атырау және Қызылорда облыстарында жүзеге асырылады деп күтілуде.

– Егер тұтынушы, мысалы, өз теледидарының цифрлық эфирлік телехабар тарату желісіне сай келетінін, сигналды қабылдай алатынын білмейтін болса, жалпы тұрып жатқан елді мекенінде аналогтық желіні өшіру мерзімінде хабарлар болғысы келсе, қайда хабарласуы керек? Әлде мұндай ақпаратты галамтордан табуға мүмкіндік бар ма?

– Иә, әрі мұндай мүмкіндіктер бірнешеуі: www.tvset.kz сайты жұмыс істеп тұр, ол жерде өз елді мекеніңіздің атын енгізіп, цифрлық сигналдың қамту аумағында орналасқан ба, жоқ па, біле аласыз. Осы сайтта теледидарыңыз DVB-T2 стандартында көрсете ме анықтауға болады. Егер теледидарыңыз бұл стандартқа сай келмейтін болса, цифрлық эфирлік телехабар тарату желісіне қосылуға мүмкіндік беретін ТВ-қабылдағыш сатып алу қажет. Ал егер теледидар цифрлық сигналды қабылдайтын болса, дециметрлік антенна сатып алған жөн. «Нұсқаулық» қосымшасында біз цифрлық телевизияны өз күшіңізбен баптау туралы бейнеролик жариялап қойдық. Цифрлық телевизияға қосылу бойынша басқа да сұрақтар болса азаматтар 193 (қалалық телефон нөмірі); +7 727 2 581 500; + 7 707 258 15 00 (whatsapp) телефондары арқылы Call-орталыққа хабарласа алады.

– Рахмет. Өңгімелескен Р.АРЫСТАНБАЙ.

Жер қатынастары саласындағы ашықтық пен қолжетімділік

Өткен жылы Жер реформасы бойынша комиссияның ұсынысына сәйкес жер беру тәртібінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету және жемқорлықты болдырмау үшін комиссия құрамына 50%-тен кем емес қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың өкілдерін енгізуді қарастыру мақсатында Жер кодексіне өзгерістер енгізілді.

Жер комиссиясы – жергілікті атқарушы орган жанынан құрылған. Ол жер учаскелеріне құқық беру туралы, (меншікке де, жер пайдалануға да) сонымен бірге ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру жөніндегі конкурстардың айқындау, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту, су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді қарау және қорытындыларды дайындау үшін Жер кодексінің 43-бабына сәй-

кес құрылады. Заңнама талаптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жер комиссиясы құрамын жасақтайды, олардың ұсынысы бойынша жер комиссиясының құрамын және ол туралы ережені тиісті мәслихаттар бекітеді. Бүгінгі таңда облыстық, қалалық және аудандық жер комиссияларының құрамы тиісті мәслихаттардың шешімімен бекітіліп, жұмыс жүргізуде. Жер комиссиясы тұрақты негізде жұмыс істейді. Мүше-

лерінің саны тақ болуы керек. Тоғыз адамнан кем болмауы тиіс. Бұл ретте қоғамдық кеңестер, агромеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің саны жер комиссиясы мүшелері жалпы санының кемінде 50%-ін құрауға тиіс.

Комиссияның төрағасы – әкімнің жер мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары, жұмыс органы – жер қатынастары жөніндегі тиісті уәкілетті орган.

Жер комиссиясының отырысы егер оған комиссия құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп есептеледі. Бұл ретте қоғамдық кеңестердің, агромер-

кәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдардың және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдардың, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы қажет.

Жер комиссиясының отырысының аудио-бейнежазбасы міндетті түрде тіркеледі. Жазба құралдарын техникалық қолдану, сақтау тәртібін, сондай-ақ қол жеткізу тәртібін Ауыл шаруашылығы министрілігінің бұйрығымен бекітілді.

Н.АҚЫЛБЕКОВ,
облыстық жер қатынастары басқармасының маманы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2019 жылдың IV тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Т.А.Ә	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Қыстаубаев Кабылдақ	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5 каб. №1	8 (7242) 27-52-77
Манақбаев Ербол Байдаллаұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі сағ. 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5 каб. №2	8 (7242) 27-45-25

«Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Департаментте арыз-шағым жөшігі орнатылған, сонымен қатар «Сенім телефоны» 8 7242/26 47 17 жұмыс жасайды. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5. Электрондық пошта: d.kirpib.kyzyl@mid.gov.kz

Сатылады

Жедел түрде Шиелі ауданы, Бидайкөл ауылы Сырдария көшесіндегі №37 үй сатылады. Жер көлемі 35 сотық. Байланыс тел.: 8 775 205 65 71, 8 771 422 79 65.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма басшысының және басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Усанін Медет	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, 4-қабат, №407 бөлме	60-53-87
Жоламанов Ерлан Ералыұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін		60-53-88
Құдабекова Қыдырқұл Нұрабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 16:00-ден 18:00-ге дейін		60-53-89

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жанына «WhatsApp» мессенджерінде «ЭКО – ПАТРУЛЬ ҚЫЗЫЛОРДА» жобасы жұмыс жасауда. Жобаның мақсаты – аймағамыздың санитариялық тазалық жағдайына бақылау жасау және санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін орындарды анықтап, тазарту болып табылады. «WhatsApp» мессенджерге келіп түскен ақпараттар құзырлы органдардың назарына жеткізіліп, тиісті шаралар қолданылады. «ЭКО – ПАТРУЛЬ ҚЫЗЫЛОРДА» «WhatsApp» мессенджері +7 707 160 53 66 нөмірі арқылы жұмыс жасайды. Өңірміздің санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін аймақтары туралы ақпараттар (видео-фото түсірілімдер мен нақты мекен-жайы) мен ұсыныстарыңызды (тек «WhatsApp» хабарламалар) жоғарыда көрсетілген нөмірге жолдауларыңызға болады. Аймағамыздың таза әрі көркейген жасал өлкеге айналуына өз үлесіңізді қос!

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjnama@mail.ru

Облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығының ұжымы орталық дәрігері Айнаш Жүрсінқызы Ибраймоваға анысы. Құлжамила Пірманқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ПОЭЗИЯ ПЫРАҒЫ

Шуағы күндей, салмағы зілдей жырының

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен ақын Елубай Әуезовтің «Сырдан бір күн келеді көтеріліс» деп аталған шығармашылық кеші өтіп, «Түпсана жаңғырығы» атты жыр жинағының тұсауы кесілді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.



Жыр кешін жырау Айдос Рахметов ақ домбыра арнауымен ашты. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Әбділдаев құттықтау сөз сөйлеп, ақынға облыс әкімінің алғыс хатын табыстады. Мұнан соң Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Димаш Байдөшев сөз алып, кешіне шапан жапты. Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор міндетін атқарушы Нұрбол Аппазов ақынның кеудесіне «Университеттің үздік түлегі»

деп аталатын оқу орнының мәртебелі медалін тақты. Ал, ақынның туған ауылы Бесарықтан келген бір қауым ел атынан жазушы Жұмабай Әубәкіров Е.Әуезовтің шығармашылығы жөнінде жүрекжарды пікірін білдірді. «Оның өлеңдерінің терең ирмдеріне бойлау үшін ағын судай білім болу керек» деген алғуысыз ойын айтты. Жиналған көпшілік облыстық жастар театрының әртістері оқыған ақын өлеңдерін лед-скрином тыңдады. Жыр кешінде Е.Әуезовтің «Сен қажет етсең» деп аталатын өлеңіне жазылған Елена Әбдіхалықованың тоқсаншы жылдардың сәніне айналған әнін белгілі өнерпаз Ақмарал Ноғайбаева шырақалды. Композитор Алтын Бикенова мен бард Әнші Алмағанбет Жүнісовтің ақын сөзіне жазылған жаңа әндері орындалды. Кеш иесі Е.Әуезов өз өлеңдерін оқып, жастарға қолтаңба берді. Жыр кешін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Дүйсенбек Аяшұлы жүргізді.



«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сейкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-РУ АД81.В.14213. 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолого-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшеньнің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Женьшеньнің жапырақтары мен тамырының дайындалған мицеллярлы тұрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы азқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғарғы белсенді компонент «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонуызы көтеріп, ағзаның жағымсыз өсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек аяқсиді, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.);
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имуитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бүйрек және несең шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қан диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде;

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Қызылорда обл., Жаңақорған ауд., Әбішева Зейнеп, 70 жаста

Мен осыдан 15 жыл бұрын инфаркт алып, уәселік дәрігер тіркеуімдемін. Жүрегім сыр бере бастады, әлсіздік пайда болып, көзімнің көруі нашарлады. Жүрегім еңтікке пайда болып, сол жақ кеуде қысымы қысып шанипты. Отырып-тұрама тәзем ауырып, тіземнің артық жағына картоп тәрізді без пайда болып табым қызатын. Жұбайымның талмалары бар, өт жолдары дұрыс жұмыс жасайтын. Көксем айында газеттен «Женьшень – өмір қуаты» бальзамын оқып, дәрігерімнен кеңестім. Дәрігерім бальзамның адам денсаулығына шипасы барын, емдік қасиеті жайында айтып көп мағлұмат берді. Осы Женьшень бальзамын ішкеннен бері жағдайым өзгеріп, күш-қуат пайда болып, еңтіктем басылды. Көз жанарым жақсарып, жүрек тұсымың шанышуы қазір мазаламайды. Буын ауруынан толықтай айықтым. Тіземдегі без жойылып, табымның қызып ауырығы кетті. Жұбайымның өт жолдары жақсарды, талмалары жоқ. Алғысымыз шексіз!

Қызылорда обл., Жаңақорған ауд., Баймұрынова Тазағұл, 85 жаста

Менің ауруым өте көп: ұйқы безім дұрыс емес, асқазаным ауырып, қант диабетім бар, қан қысымым жоғары болатын. Оған қоса, әлсіздік, еңтікке (астма) пайда болды. Ишім кеуіп, дәрісіз жүре алмайтынмын. Келінімнің де зәр жүйесі дұрыс емес еді. Газеттен «Женьшень – өмір қуаты» жайлы оқып, тапсырыс бердім. Нәтижесі мені қуантты. Еңтікке қарсы спрейді қолдануды ұмыттым. Еңтікпенін айықтым. Ұйқы безім жақсарып, қазір дәрі қабылдамаймын. Ішім, асқазаным мазаламайды. Қан қысымым қалыпқа келіп, ұйқым мен көңіл-күйім жақсарды. Келінімнің зәр жүйесінің жұмысы қалыпқа келді. Жағдайы жақсы.

Қызылорда обл., Арал ауд., Мамытов Тәуекел, 62 жаста

Менің көбінесе басым қысып ауыратын. Соның нәтижесінде қан қысымым көтеріліп кететін. Аяқ-қолым ұйып, тізе-буындарым қақсап ауырып, мазамды қашыратын. «Женьшень» бальзамы жайлы ішіп жүрген таныстарымнан естіп, олардың денсаулықтарына жақсы әсер бергенін білдім. Содан осы бальзамның кай күні, қай жерде сатылатынын газеттен оқып, бальзам жайлы көп мағлұмат алдым. Осы бальзамды ішкілі жағдайым жақсарып, басымның ауырығын қойды. Қан қысымым қалпына келіп, тізе-буындарымның сырқырап ауырығын басылды. Өзімді жақсы, жеңіл сезініп жүрмін.

«Отты тамыры» кремi буындардағы ауырсынуды, ісіну мен қабынуды жояды, буын қапшығындағы қан айналымы мен минералды алмасуларды жақсартыды. Хондрониннің көмегімен шеміршекті қалыпқа келтіретін.

Татьяна Федоровна, Өскемен 62 жаста

Менің бөлім және аяқтарым қатты сырқырап, сыздап ауыратын. «Оттеңнің корень» кремiн 1 ай көлемінде қолданғаннан кейін, буынымның қабынуы басылып, аяғымның құрыққаны жазылып, аяғымдағы кешіңген қок тамырлар кетті. Қимылдауды мен жүріп-тұруым жеңілдеді, арқабымның сырқырап ауырығы жойылды.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады:
8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

Бір құрсақ бальзамның 8 құрамын қабылдау ұсынылады.
Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.
3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕҒІН.

«Женьшень» бальзамы, «Саған Дали» капсуласының қасиеті және «Кудуз» тамшылары туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қазан күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Қант диабетімен толыққанды өмір сүру – оңай!

Қант диабеті - ағзаға бірқатар қауіп төндіретін ауру түрі. Диабетпен ауыратын адамға жүрек талмалары, инсульттер, онкологиялық және басқа да аурулар тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан, олар кісі өліміне анағұрлым жиі әкеліп соқтыратын 5 себептің қатарына енеді!

Қан құрамындағы глюкозаның тұрақты көбеюі: қан тамырларының, бүйрек пен жүрек-қан тамырлары жүйесінің зақымдануына, зақымталуы, гангрена, диабеттік табан, бірнеше диабеттік қананың түріне шалдықтырады.

Диабеттің 1-ші типінде инсулинді қолданбай қоюға еш мүмкіндік жоқ, десе де аурудың қарқын алуын тоқтатып, асқынудына жол бермеуге болады. Ал 2-ші типті диабетте - қанттың деңгейін төмендетіп қана қоймай, аурудан толықтай айынуға мүмкіндік бар. Қант диабетін кешенді емдеу үшін біз жана «Глюкокрин» парафармацевтикалық препаратын қолдануға кеңес береміз, оны пайдаланудың көмегімен ағзаның қан қысымын реттеуге болады.

нудың бастапқы кезеңінде-ақ қандағы қант деңгейі төмендеп, көмірсу алмасуы қалпына келіп, сонымен қатар ағзаның холестерин мен билирубин шығарылады. Осының есебінен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысы қалыпқа түсіп, ағзада майлы жасушалар саны кемиді, салмақ азаяды.

Әрі қарай препараттың компоненттері жасушалар жарғақшасы арқылы өтіп, глюкозаның ішке енуіне септігін тиізетін жасушалар бетіндегі қурылымдарды қалпына келтіреді. Осылайша, ағза тіңдерінің глюкозаны ұстау және өңдеу қабілеті қалпына келеді. Бір мезгілге ұйқы безінің жасушалары қалпына келіп, қажетті инсулин мөлшерін бөле бастайды. Мұндай кешеннің есебінен, эндокриндік жүйенің жұмысы тұрақтанады, оның орталық жүйке жүйесімен өзара байланысы жақсарды, қандағы қант деңгейі қалыпқа келіп, салмақ азаяды.

Басқаша айтқанда, «Глюкокрин» препараттың көмегімен ағзаның қан қысымы жақсарып, қант диабеті нышандарымен қана құрылып, себебінен де құтылуға болады.

Препарат өзінің тиімділігін дәлелдеп, барлық қажетті сынақтардан өткен, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданды.

Сондай-ақ, қажеттілік туған жағдайда біздің мамандар, Сіздің денсаулығыңыздың жағдайы мен ауруыңыздың сипаттамасын ескере отырып, америкалық және еуропалық препараттардан жеке курстық бағдарлама тандап, ұсына алады. Оларды біздің орталығымыз: Алматы қ., Абай даңғылы 151, «Алатау» бизнес орталығынан сатып ала аласыз, сонымен қатар, ТМД-ның кез-келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: 2 капсуладан күніне 2 рет. Қажет болған жағдайда қабылдауды қайталауға болады. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала өміру.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРЕДІ! «ГЛЮКОКРИН» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ - 30% ЖЕҢІЛДІК!

СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қазан күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

8 727 271 97 97 телефоны бойынша немесе glucocrin.kz сайты арқылы кеңес алып, «Глюкокринге» тапсырыс бере аласыз

АЛ СІЗДІҢ БУЫНДАРЫҢЫЗ ҚАЛПЫНДА МА?

Дерт кей кездері елеусіз белгілермен жүреді: жайсыздық, әлсіз сирек ауырумен, ауру буындардың қызаруы мен ісінуі. Бұндай жағдайлар кезінде, науқас пайда болған жағымсыз сезінулерге үлкен мән бермеуі мүмкін, алайда ауру бұл уақытта жаңа буын элементтерін аурушаңдық күйге тарта отыра, асқына түседі.

Емді уақытылы қабылдамау қайтымсыз саңдырау ұшыратып, ақпир соңында, мүгедектікке әкелетінін түсіну аса маңызды.

Трек-қимыл аппараты ауруларын емдеу үшін ғалымдар қуатты табиғи «Артроклив» препаратын әзірлеп шығарды. Препараттың ерекшелігі - тиімді және көп компонентті құрамында, ол сүйек пен шеміршек тіңдерінің тығыздығын қалпына келтіріп, булықеттер, байламдар мен сіңірлердің ікемділігін жақсартып, буындарға кешенді түрде әсер етеді. Препарат синовиалды қабықты қалпына келтіріп, синовиалды сұйықтықтың өндірілуіне әсер етеді, осының есебінен сырғымалы қасиеттер жақсарылып, сүйектер арасындағы қажалу азаяды. Қолданыстың алғашқы кезеңінде-ақ, науқастың жағдайы едәуір жақсарып, ауру белгілері жоғалады, қозғалыштық қалпына келеді. «Артроклив» курстық қолданудан кейін, көптеген сүйек ауруларын толығымен жойып, адамды сау күйге қайтаруға қабілетті.

«Артроклив» Еуропалық ревматологтармен мақұлданды, отандық және халықаралық сертификаттарға ие.

Негізгі әсер етуші заттар: трепан, натуралды сыйымдысы, метилсульфонилметан, хондронин, глюкозамин, хитин, марганец, марганец. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытығы 1 ойып бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала өміру, 12 жасқа дейінгі балалар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! «АРТРОКЛИВТІҢ» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРГЕНДЕ - 40% ДЕЙІН ЖЕҢІЛДІК БАР!

СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қазан күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Жыны барысында Шалқия кентінің әкімі Әбдімәулен Сабырханов Социалистік Еңбек Ері, данқты шопанның өмірі мен еңбек жолы туралы баяндады.

Ш.Абжалов еңбекке ерте араласқан. Көмекші шопандықтан бастап, 1951 жылы бір отар малды қабылдап алады. Содан 1984 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққанша шопанның ақ таяғын қолынан тастаған жоқ. Мал басын аман сақтап, төл алу мен жүн өткізуден жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл көрсеткіш соңғы екі бесжылдықта төмендеген жоқ. Араға жылдар салып абырой мен атак та келе бастайды. Орден-медальдармен марапатталады. Ұзақ жылдары еңбегі өз бағасын алып, 1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен

Еңбек еріне құрмет

Жаңақорған ауданындағы Шалқия кентінде Еңбек Ері Шонабай Абжаловтың атына көше берілді. Шараға Қызылорда, Алматы қалаларынан, көршілес Түркістан облысының Созақ ауданынан да қонақтар қатысты. Өйткені, ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығымен шұғылданып, оны көбейтуге ұлес қосқан Ш.Абжаловтың еңбек үлгісін көргендер әлі де бар.



оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Игілікті шарда «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мажит Балқожаев, ардагер Зинабдин Шермағанбетов, Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Мейрамбек Ермханов өздерінің ізгі тілектерін ортаға салды. Шалқия кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәулешай Қалыбаев Еңбек Ерінің елеулі өмір жолынан әңгіме өрбітті. Мұнан әрі Ш.Абжаловтың көше атауы жазылған ескерткіш-белгінің лентасы қиылды. Бұл даңғыл көшемен енді елдің ертенгі жеткіншектері мектепке барып, білім нәрімен сусындаса, ұрпақтары қоғамдық өмірдің ортасында тіршілік етеді.

Жыны барысында Шалқия кентінің әкімі Әбдімәулен Сабырханов Социалистік Еңбек Ері, данқты шопанның өмірі мен еңбек жолы туралы баяндады.

Ш.Абжалов еңбекке ерте араласқан. Көмекші шопандықтан бастап, 1951 жылы бір отар малды қабылдап алады. Содан 1984 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққанша шопанның ақ таяғын қолынан тастаған жоқ. Мал басын аман сақтап, төл алу мен жүн өткізуден жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл көрсеткіш соңғы екі бесжылдықта төмендеген жоқ. Араға жылдар салып абырой мен атак та келе бастайды. Орден-медальдармен марапатталады. Ұзақ жылдары еңбегі өз бағасын алып, 1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен

Жыны барысында Шалқия кентінің әкімі Әбдімәулен Сабырханов Социалистік Еңбек Ері, данқты шопанның өмірі мен еңбек жолы туралы баяндады.

Ш.Абжалов еңбекке ерте араласқан. Көмекші шопандықтан бастап, 1951 жылы бір отар малды қабылдап алады. Содан 1984 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққанша шопанның ақ таяғын қолынан тастаған жоқ. Мал басын аман сақтап, төл алу мен жүн өткізуден жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл көрсеткіш соңғы екі бесжылдықта төмендеген жоқ. Араға жылдар салып абырой мен атак та келе бастайды. Орден-медальдармен марапатталады. Ұзақ жылдары еңбегі өз бағасын алып, 1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ. Жаңақорған ауданы.